Негізінде әдет пен ғұрып сөздері араб тілінен енгендіктен, әдет араб тілінде қайталану, жалғасын табу деген мағыналарды білдірсе, терминдік мағынада иррационалды түрде әрдайым қайталанған іс-әрекеттерді әдет деп атаймыз. Демек, әдет деген сөзден әдетке айналған нәрсені түсінеміз. Егер қандай да бір іс рационалды түрде қайталанып отыратын болса, оны әдет деп атай алмаймыз. Яғни, бір нәрсе қозғалысының саналы түрде әрдайым қайталануы әдетке жатпайды (Әділбаев, 2014: 268-б.).

Ендеше «әдет-ғұрып» ұғымын әйгілі философ әрі шариғаттанушы әл-Ғазалидің сөзімен аяқтайтын болсақ, ол былай деген: «Әдет-ғұрып – адамдардың жан дүниесінде саналы түрде бекітіліп, болмысы түзу адамдар тарапынан қабылданған дүние» (Әділбаев, 2014: 268-б.).

Тәуке ханның құрастырған «Жеті жарғы» атты әдет-ғұрыптық заң жинақтарының қазақ халқының арасында қолданылып келген барлық құқықтық нормаларды түгелімен қамтымауы, керісінше, оның әдет-ғұрып заңдарының негізінен Орта жүз бен ішінара Кіші жүз қазақтары арасында қолданылуы әдет-ғұрыптар заман мен мекенге қарай өзгеруінің практикалық көрінісі деуге болады. Өйткені белгілі бір орталықта шығарылған әдет-ғұрып заңдар жинағы келесі бір географиялық аймақтың ежелден қалыптасқан әдет-ғұрыптарының күшін заңдық тұрғыдан жойғанымен, қолданыс тұрғысынан түбегейлі жоя алмауы мүмкін. Сондай-ақ орталық билік тарапынан шығарылған осынау әдет-ғұрыптық заңдар елдің келесі бір аймағындағы халықтың менталитетінен орын ала алмағандықтан, ол заңдардың кешеуілдеу жүзеге асуы ықтимал.

Ендеше сол «Жеті жарғының» мәні мен мазмұнына тоқталар болсақ, Тәуке хан «Ережесінің» жалпы бағыты – қазақтың феодалдық жоғарғы тобының артықшылық жағдайларын, оның саяси үстемдігін қорғау, феодалдық меншікті және патриархаттық әулетте

үстем болған тәртіптерді қорғау, мұсылман дінін қолдау болды. Феодалдық құқықтарды бұзған әрбір адамға қатаң жазаға ұшырау қауіпі төнген. «Жеті жарғыны» жасауға барлық үш жүз өкілдерінің қатысуына қарағанда, онда тұжырымдалған құқықтық нормалар жиынтығы бүкіл Қазақ хандығы шегінде қолданылған деп қорытынды жасауға болады. Жоғарыда айқын аңғартқанымыздай, Әз Тәукенің, өз заманының кемеңгер, тетелес үш ұлындай данагөйлердің «Жеті жарғысы» мазмұны жағынан үш құрамға: ең алдымен, шариғат заңдарына, сонымен бірге, «Қасым ханның қасқа жолы» мен «Есім ханның ескі жолына» негізделген. Тегінде бір кездегідей бұл үш құрамға өгейси қараудың, оларды жат санап, «аза бойы қаза бола» жатырқаудың негізсіз екеніне саналы оймен түйсіне қарауымыз қажет. «Қасқа жол» мен «ескі жол» өзіміз өткен, халқымыз өткен өз жолымыз екенін, демек, олардан қалай және қандай болған күнде де жеруіміздің жөн-жосықсыз жай болатындығын білуіміз керек. Сол сияқты «шариғаттың» араб сөзінен шығатын, мән-мағынасы «заң, кодекс» екендігін, мұсылман қауымының Құранға негізделген ежелгі заңы екендігін, оның өз ішінде діни-отбасылық, неке, азаматтық, қылмыстық құқық қағидаларын алатындығын және шариғат ережелерінің қайнар көзі – Құдай сөзі – Құран, Сүннет, Қияс және Иджма екендігін есте ұстауымыз ләзім (Зиманов, Қуандықов, Байжанова, Хайдаров, Дауталиев, 2005: 325-б.).

Тәуке хан «Жеті Жарғысының» ислам шариғаты үкімдерімен сай келетін тұстары:

- «Қанға – қан, мертіктіргені үшін сондай мертіктіру арқылы кек алынсын» (Зиманов, Қуандықов, Байжанова, Хайдаров, Дауталиев, 2005: 275-б.).

Бұл заң ислам құқығындағы қысас заңының негізгі қайнар көзі саналатын Құран Кәрімдегі: «Уа, иман еткендер! Нақақтан-нақақ кісі өлтіру мәселесінде сендерге қысас-кек (яғни, қанға қан ұстанымы) парыз етілді. Азат адамға азат адам, құлға құл және әйелге әйел. Ал кімде-кімге бауыры (яғни, өлгеннің мұрагерлері) кешірім берсе, кінәлі жақ (өлген адамның) құнын жақындарының көңілінен шығатындай етіп (кешіктірмей әрі толық) төлесін. Міне, бұл – Раббыларың тарапынан жасалған жеңілдік және мейірім. Ал енді кімде-кім осыдан кейін бұл үкімдерге бағынбай, қасақана қастандық жасайтын болса, ол үшін жан төзгісіз азап бар. Уа, ақыл иелері! Сендер үшін қысаста өмір бар (яғни, біреу біреуді нақақтан-нақақ өлтіретін болса, қысас үкімі бойынша өзінің өміріне де қауіп төнетінін

білгендіктен мұндай қылмысқа бармауға тырысады, сөйтіп ешкім жөн-жосықсыз, нақақтан-нақақ өлтірілмейтін болады). Ендеше, (мұны түйсіну және Алланың бұйрықтарын бұлжытпай орындау арқылы) тақуалық аясында өмір сүріп, жеке тұлғалар және қоғам болып Алланы қорған тұта аласындар» (Әкімханов, Анарбаев, 2015: 27-б.) деген аяттардан бастау алады.

- «Ұрлық, тонау, зорлық, зинақорлық жасағаны үшін өлім жазасына кесілсін. Аталған бап бойынша, өлтірілген адамның туыстары кісі өлтірушіні өлтіруге құқылы; ал қолды, аяқты, құлақты және басқа мүшені кескен адам денесінің дәл сондай мүшесінен айырылуға тиіс. Қылмыстық жаза билердің үкімі немесе талапкерлердің келісімі бойынша жеңілдетілуі мүмкін, онда қылмыскер кез келген қылмысы үшін белгіленген құн төлеу арқылы ғана жазасын өтейді. Кісі өлтіруші құн төлеп, яғни әрбір өлтірілген ер кісі үшін 1000 қой, ал әйел үшін 500 қой төлеп өмірін сақтап қалады. Адамды мертіктіруші немесе оның қандай да болсын бір мүшесіне зақым келтіруші соған төлем болардай мөлшерде мал санын төлейді. Бас бармақ – 100 қой, шынашақ – 20 қой тұрады және т.с.с.» (Зиманов, Қуандықов, Байжанова, Хайдаров, Дауталиев, 2005: 275-б.);

Қарап отырсақ, жоғарыдағы заңның бірінші тармағы қазақ қоғамындағы қысас заңының жүзеге асу көріністерінен хабар берсе, екінші тармағы сол заңдардың екінші бір қосалқы қырын жіктеп көрсеткен. Мәселен, заңның бірінші тармағында келген «өлтірілген адамның туыстары кісі өлтірушіні өлтіруге құқылы; ал қолды, аяқты, құлақты және басқа мүшені кескен адам денесінің дәл сондай мүшесінен айырылуға тиіс» деген тармағы Құран Кәрімнің: «Тәуратта оларға мына үкімді жаздық: Жанға жан (нақақтан-нақақ кісі өлтіргенді өлім жазасына бұйыру), көзге көз (нақақтан-нақақ көз шығарғанның көзін шығару), мұрынға мұрын (нақақтан-нақақ мұрын бұзғанның мұрнын бұзу), құлаққа құлақ (нақақтан-нақақ құлақ кескеннің құлағын кесу), тіске тіс (нақақтан-нақақ тіс сындырғанның тісін сындыру) және сол сияқты жарақаттаудың барлық түрінде осылай бірге-бір қысас жасалады. Ал кімде-кім қысас жасап кек алмай-ақ кешірім етсе, бұл ол үшін күнәларының өтемі болады. Кімде-кім Алланың түсіргенімен үкім шығармаса, міне, солар нағыз залымдар» (Әкімханов, Анарбаев, 2015: 115-б.) деген аятымен жалпылама сәйкес келіп тұр. Ал аталған жарғы заңының «Қылмыстық жаза билердің үкімі немесе талапкерлердің келісімі бойынша

жеңілдетілуі мүмкін, онда қылмыскер кез келген қылмысы үшін белгіленген құн төлеу арқылы ғана жазаланады. Кісі өлтіруші құн төлеп, яғни әрбір өлтірілген ер кісі үшін 1000 қой, ал әйел үшін 500 қой төлеп өмірін сақтап қалады. Адамды мертіктіруші немесе оның қандай да болсын бір мүшесіне зақым келтіруші соған төлем болардай мөлшерде мал санын төлейді. Бас бармақ – 100 қой, шынашақ – 20 қой тұрады» деп келген екінші тармағы Құран Кәрімнің: «Ал кімде-кімге бауыры (яғни, өлгеннің мұрагерлері) кешірім берсе, кінәлі жақ (өлген адамның) құнын жақындарының көңілінен шығатындай етіп (кешіктермей әрі толық) төлесін. Міне, бұл – Раббыларың тарапынан жасалған жеңілдік және мейірім» (Әкімханов, Анарбаев 2015, 27-б.) деген аятына тікелей негізделе отырып, сонымен қатар сол кездегі қазақ қоғамының әлеуметтік және діни-этикалық жағдайына қарай дербес қосымша әрі жіктемелі үкімдер беріліп отырған.

Сонымен қатар осы жоғарыда «Кісі өлтіруші құн төлеп, яғни әрбір өлтірілген ер кісі үшін 1000 қой, ал әйел үшін 500 қой төлеп өмірін сақтап қалады» деген жарғы заңы да негізсіз емес. Бұл заңның да түп-төркіні ислам шарифатынан бастау алып жатыр. Аталған қылмыстардың жазасы мен жауаптылығы ислам құқығының «Уқубат» (жазалар) деп аталатын тақырыбында өте кеңінен баяндалып өткен. Солардың ішінде ханафи мазһабының көрнекті құқықтанушы ғалымы Бурһан ад-Дин әл-Марғинанидің «әл-Һидая» атты еңбегінде аталған тақырып аясында пайғамбардың: «Әйел кісінің құн төлемі ер кісі құн төлемінің тең жартысына тең», – деген хадисін келеді. Сондай-ақ хадистегі бұл сөз маукуф хадис болып сахаба Әлиге телінсе, марфуғ хадис болып пайғамбарға да телінген (Әл-Марғинани, 2005: 461-б.).

Қарап отырсақ, біздің жарғыдағы заңда да ер кісінің құн төлемі ретінде 1000 қой, әйел кісі үшін 500 қой деу арқылы әйел кісі құн төлемінің ер кісінің құн төлемінен жарты есе аз жүретінін айтып жатыр. Негізінде ислам шарифатында құн төлем ретінде төленетін малдың түйе, сиыр, қой секілді түрлері қолданылады. Сондай-ақ ол малдардың мынадай саны осындай жаста, мынадай саны осындай жаста болуы талап етіледі деген мәселелер де төрт мазһаб имамдары арасында өзара қызу талқыға түсіп, нәтижесінде адам өлтіру және дене мүшелеріне зақым келтіргені үшін қылмыскерге міндеттелетін құн төлем малдарына қатысты мәселелер егжей-тегжейлі зерттеліп, құқықтанушылар тарапынан бекітілген. Ал біздің Тәуке хан жарғысындағы

құн төлем малының негізгі түрі ретінде қой мен жылқының бекітілуіне келсек, оның түп-төркіні белгілі әрине.

Біріншіден, ислам құқықтық заңында құн төлем малы ретінде төленетін малдардың арасындағы негізгілерінің бірі қой болатын. Араб қоғамында көбінесе түйе мен қой және сиыр бағылғандықтан, құн төлем өлшемін сол малдарға қарай жасаған. Жарғыдағы 1000 және 500 қой деген құн төлем мөлшерлері де текке шығарылмаған. Өйткені ислам қылмыстық құқығында кісі өлтірген қылмыскерге өлген жақтың өкілдері қысас заңынан қайтып кешірім берсе, қылмыскерге құн төлем міндеттеледі. Яғни ер кісі үшін жүз түйе немесе жүз түйенің орнына жүретін мың қой төленеді. Осы тұстан алғанда жарғы заңы ислам қылмыстық құқығымен дәлме-дәл сай келіп тұр.

Екіншіден, Жеті жарғыдағы құн төлем малы ретінде әуелі түйе емес, сиыр емес, қойдың аталып өтуіне келсек, қазақ қоғамында бұрын да, қазір де ең көп бағылатын және қолданылатын мал түрі түйе яки сиыр емес, қой немесе жылқы болатын. Сондықтан ислам әлемінің әр аймағындағы әділетті қазылар, қазақ қоғамында шариғат қазысының қызметін атқарған билер мен хандар қылмыстарға жаза белгілеген кезде, барынша тұрғылықты жерінің әдет-ғұрпы мен тыныс-тіршілігіне сай келетін заңдар мен нормалар шығарып отырған. Сондай-ақ қазы немесе би тағзир жазасын шығаратын кезде, қылмыскерге құн төлем немесе айыппұл немесе сөгіс жариялағанда, барынша қылмыскерге ауыр тиетін және сабақ болатын және жасаған қылмысының ауырлығын сезінетіндей етіп жаза белгілейді. Мәселен, араб қоғамында түйе ең бағалы мал болғандықтан, жауапкерге құн төлем ретінде түйе төлеткізу талапкер немесе жәбірленуші үшін тиімді болса, қылмыскер немесе жауапкер үшін ауырға соғады. Қарап отырсақ, қазақ қоғамында да осы тұжырым қолданылып, құн төлем ретінде олардың ең құнды әрі бағалы малы саналатын жылқы мен қой бекітілген.

Ал енді жоғарыда келген жарғы заңының «Адамды мерткітіруші немесе оның қандай да болсын бір мүшесіне зақым келтіруші соған төлем болардай мөлшерде мал санын төлейді. Бас бармақ – 100 қой, шынашақ – 20 қой тұрады» деген екінші тармағына, ондағы құн төлем мөлшерлерінің саны мен санаттарының, қайдан бастау алғандығына назар аударар болсақ, жарғы заңдарының көп бөлігі ислам шариғаты қайнарынан бастау алғандығы сынды, аталған жарғы заңы да дәлме-дәл болмаса

да, жалпылама және негіздік тұрғыдан алғанда, ислам қылмыстық құқығынан және ондағы пайғамбар хадистерінен бастау алып жатыр. Бұл сөзіміз негізсіз болмауы үшін жарғы заңының осы тармағымен негіздік тұрғыдан сай келетін пайғамбар Мұхаммед (с.а.с.) хадистері мен ислам құқықтанушыларының сөздерін келтіруді жөн көрдік:

Ханафи мазһабының көрнекті ғалымы Бурһануддин әл-Марғинани өзінің «әл-Һидая» атты еңбегінде былай дейді: «Мұрын ұшына, тілге және жыныс мүшесіне құн төлем (диятун) бар. Бұл тұжырымға Сағид ибн әл-Мусайиабтың Алла елшісінен риуаят еткен мына хадисі негіз болады: «Адам жаны, тілі және мұрыны үшін құн төлем бар». Сондай-ақ пайғамбар (с.а.с.) Амр ибн Хазмге жазған хатында да осылай деп нұсқау берген. Сондай-ақ соққы нәтижесінде адам ақылынан айырылатын болса, әдетте адам баласы ақылын өзінің жаны, өмірі мен ақиреті үшін қолданатын болғандықтан, ол үшін құн төлемін алады. Сол сияқты соққы нәтижесінде кісінің есту, көру, иіс сезу және дәм сезу қабілеттері жойылса, олар үшін құн төлемін алады. Өйткені олардың барлығы да белгілі бір өмірлік қажеттілігі бар мүшелер мен сезімдер саналады. Кезінде сахаба Омардың бір соққы нәтижесінде ақыл, сөйлеу, есту және көру сынды төрт бірдей қабілетінен айырылған кісінің мүддесі үшін қылмыскерге төрт құн төлем төлеуді міндеттегені жайлы риуаяттар кездеседі» (Әл-Марғинани, 2005: 462-б.).

Қарап отырсақ, ислам құқығы мен қазақтың көне әдет-ғұрып заңдарының негіздері бір ортақ өзектен таралып жатыр. Ол – Құран мен пайғамбар сүннеті. Алайда әр алуан аймақта өмір сүріп жатқан мұсылмандар ислам құқығындағы заңдардың негізін сақтай отырып, оның тармақтарын әдет-ғұрып пен салт-дәстүрге, қажеттілікке қарай толықтырып отырған. Егер шариғи мәтіндерге жақсылап назар салар болсақ, Құран аяттары мен пайғамбар Мұхаммед (с.а.с.) хадистерінде де құн төлем мөлшерлері кесімді түрде санмен белгіленбеген. Бұл өз кезегінде ислам әлемінің әр аймағындағы қазылар мен соттардың еншісіне қалдырылған іс болып отыр. Сөзіміз негізсіз болмауы үшін дәлел келтіре кетейік. Дәлелді ислам қылмыстық құқығында үлкен орынға ие, әсіресе қысас заңына бірден-бір негіз болатын төмендегі Құран аятынан көре аламыз: «Ал кімде-кімге бауыры (яғни, өлгеннің мұрагерлері) кешірім берсе, кінәлі жақ (өлген адамның) құнын жақындарының көңілінен шығатындай етіп (кешіктірмей әрі толық)

төлесін. Міне, бұл – Раббыларың тарапынан жасалған жеңілдік және мейірім» (Әкімханов, Анарбаев, 2015: 27-б.). Ендеше бұл аяттан «кінәлі жақ (өлген адамның) құнын жақындарының көңілінен шығатындай етіп (кешіктірмей әрі толық) төлесін» деген сөздерді көреміз. Аятта құн төлем мөлшерінің нақты белгіленбегені баршаға аян. Алайда әрбір жекелеген адам осындай қылмыстық процестерде құн төлем мөлшерін өзі бекітуге құқылы деген тұжырым шықпайды. Керісінше, аяттар мен хадистерді егжей-тегжейлі түсіндіруді, белгілеуді және тағайындауды қажет ететін жалпылама үкімдерді зерттеп, олардан дін мен адамдардың мүддесін қанағаттандыратын тұжырымдар шығару пайғамбардан кейін сахабаларға, олардан кейін келген табиғиндерге, ислам әлемінің ғалымдары мен әділетті қазыларға жүктелген ортақ міндет болатын.

• «Ата-аналарына өз балаларын өлтіргені үшін ешқандай жаза қолданылмайды (Зиманов, Қуандықов, Байжанова, Хайдаров, Дауталиев, 2005: 275-б.); Ендеше киелі «Жеті жарғы» заңымыздың осы бір тармағының да түп-тамырын, негізін немесе ислам құқығының бұнымен тұстас келетін қырларын қарастырып көрелік. Әрине бұл заңның да түп-төркіні белгілі. Ол – ислам қылмыстық құқығы. Тіпті, аталған жарғы заңы мен ислам құқығы бір-бірімен дәлме-дәл сай келеді. Екеуінің де бастауы – пайғамбар Мұхаммедтің (с.а.с.) хадисі. Сөзіміз негізсіз болмауы үшін дәлел келтіре кетуді жөн санадық. Ислам қылмыстық құқығын жүйелеуде теңдессіз үлес қосқан ханафи мазһабы болатын. Сол ханафи мазһабының тірегі және көрнекті өкілі Әбу-л-Хусейн әл-Кудури өзінің «Әл-Мухтасар» еңбегінде жоғарыдағы заңға байланысты былай деп жазған: «Азат адам азат адамды өлтірсе, одан кек қайтарылады, азат адам құлды өлтірсе, одан кек қайтарылады, мұсылман зиммиді (мұсылман мемлекетінде келісімшарт бойынша өмір сүріп жатқа өзге дін өкілін) өлтірсе, одан кек қайтарылады, сондай-ақ ер кісі әйел кісіні өлтірсе, одан кек қайтарылады, ересек кісі сәби баланы өлтірсе, одан кек қайтарылады, дені сау адам зағипты, мүгедекті өлтірсе, одан кек қайтарылады, сондай-ақ кісі өз баласын өлтіргені үшін өлтірілмейді» (Әл-Кудури, 1997: 184-б.). Мазһаб имамдары бұл үкімді өз ойларынан немесе дербес түрде шығармаған. Бұл үкімнің де негізі пайғамбар хадисінен бастау алып жатыр. Өйткені Омар ибн әл-Хаттаб: «Мен Алла елшісінің (с.а.с.): «Өке баласын

өлтіргені үшін өлтірілмейді», – деп айтқанын естідім», – деген (Өт-Термези, 1975: 1400-х.).

• «Өзін-өзі өлтіруші зираттан оқшау жерге жерленеді» [Зиманов, Қуандықов, Байжанова, Хайдаров, Дауталиев, 2005: 276-б.]; Қарап отырсақ, жарғы заңындағы бұл үкімнің де түп-төркіні ислам шариятынан бастау алып жатыр. Өзін-өзі өлтірген кісінің зираттан оқшау жерде жерленуінің мәніне келер болсақ, өзін-өзі өлтіру қылмысының ауыр екендігін баяндап және оған тыйым салған пайғамбар хадистері өте көп. Солардың бірқатарын келтіре кетейік: Сәбит ибн Дахактан жеткен хадисте Мұхаммед пайғамбар: «Кімде-кім өзін-өзі не нәрсемен өлтірсе, қияметте сол нәрсемен азапталады», – деген (Әл-Бухари, 2001: 5700-х.). Сондай-ақ тағы бір хадисте Жәбир ибн Самра былай деген: «Бірде пайғамбардың алдына өзін-өзі жебемен өлтірген кісінің мәйіті әкелінген кезде, пайғамбар оған жаназа намазын оқымады» (Муслим, 2001: 978-х.). Пайғамбар Мұхаммед (с.а.с.) өзін-өзі өлтірген кісіге жаза әрі басқаларға сабақ болсын деп жаназа намазын оқудан бас тартқан. Алайда адамдарға ондай кісіге жаназа намазын оқуға рұқсат еткен. Имам ән-Нәуәуи аталған хадис жайында: «Бұл хадисте асылық жасағаны үшін өзін-өзі өлтірген адамға жаназа намазы оқылмайды деушілердің сөзіне дәлел бар. Бұл – Омар ибн Абдулазиздің пікірі. Алайда Хасан әл-Басри, ән-Нахағи, Қатада, Мәлик, Әбу Ханифа, Шафиғи және басқа да көпшілік ғалымдар өзін-өзі өлтірген адамға жаназа намазының оқылатындығын айтқан. Бұл ғалымдар аталған хадис жайында: «Пайғамбар басқаларға сабақ әрі тыйым болсын деп өзі жеке тұлға ретінде ұйғарым шығарып әлгі адамның жаназа намазын оқымады. Алайда кейіннен ол адамға сахабалар жаназа намазын оқыған болатын», – деген (Ән-Нәуәуи, 1972: 47-б.).

Ал енді жарғы бойынша өзін-өзі өлтірген адамның зираттан оқшау жерге жерленуіне келсек, ол сол кездегі қазақ қоғамына қарай әрі бұл қылмыстың ауыр екендігін халық санасына жеткізу, басқаларға ғибрат болар деген мақсатта шығарылған. Негізінде өзін-өзі өлтірген кісінің жерленуіне қатысты ислам әлемінің алдыңғы және кейінгі буын ғалымдары мен мүфтилері ондай кісілердің кәдімгідей жаназа рәсімдері бойынша жуылып, жаназа намаз оқылып, мұсылмандардың зиратына жерленетінін айтқан.

• «Күйеуі өз әйелін зинақорлық үстінде ұстаса, оны өлтіре алады, егер қылмысы ашылған бойда солай істесе, жаза қолданылмайды. Кез келген басқа жағдайда ол билерден көзіне шөп

салған әйел мен оны азғырушыны, егер олардың қылмысы дәлелденсе, өлім жазасына кесуді сұрай алады; ал егер сенімді 4 адам олардың кінәсіздігіне ант берсе, сот оларға ешқандай жаза қолданбайды» (Зиманов, Қуандықов, Байжанова, Хайдаров, Дауталиев, 2005: 276-б.);

Мәселен, аталған заңның бірінші тармағы – ислам шариғатынан дербес түрде жасалған үкім. Ал зина жасады деп айыпталған әйелдің сенімді төрт адамның куәлігі арқылы жазадан босатылуы жайында айтылған екінші тармағы ислам шариғатымен дәлме-дәл сәйкес келеді.

Біріншіден, Алла Тағала Құранда ол жайында: «Ары таза әйелдерге зина қылды, деп жала жапқаннан кейін төрт бірдей (ер кісіні) куәға тартып, сөзін дәлелдей алмағандарға сексен дүре соғыңдар. Содан кейін олардың куәлігін, әсте, қабылдамаңдар. Олар адамгершіліктен безген азғындардың нақ өзі» дейді (Әкімханов, Анарбаев, 2015: 350-б.).

Сондай-ақ ханафи мазхабының фикһ кітаптарында да зина жасады деп айыпталған әйелге төрт сенімді куәнің берген куәліктерінің қазының құзырында қабылдану процестері егжей-тегжейлі баяндалған. Мәселен, ханафи мазхабының көрнекті ғалымы Әбу-л-Баракат ән-Нәсәфи өзінің «Кәнз әд-дақиқ» атты еңбегінде: «Зина жазасы төрт адамның «жыныстық қатынасқа түсті» немесе «жақындасты» деген сөздерімен емес, «зина жасады» деген куәліктерімен бекітіледі. Қазы әлгі төрт куәгерден зина оқиғасының қалай жүзеге асқандығы, оқиғаның орны мен уақыты жайлы егжей-тегжейлі сұрайды», – деп баяндайды (Ән-Нәсәфи, 2011: 346-б.).

- «Егер әкесінен бөлек тұратын ұлдың өлгенде баласы болмаса, оның мал-мүлкі әкесіне тиесілі. Жас балалар ең жақын туыстарының, ал егер туыстары болмаса, басқа бір сенімді адамдардың қамқорлығына беріледі» (Зиманов, Қуандықов, Байжанова, Хайдаров, Дауталиев, 2005: 276-б.);

Жеті жарғы әдет-ғұрып заңдарының бұл тармағы ислам мұрагерлік құқығымен дәлме-дәл сәйкес келіп отыр. Өйткені ислам мұрагерлік құқығында «Ғасаба» (толық мұрагер) деген ұғым кеңінен қолданылады. Толық мұрагерлер төрт топқа бөлінеді:

1. Өлген кісінің ұлы, ұлының ұлы (немересі) және осылайша төмендеп кете береді;

2. Өлген кісінің әкесі, әкесінің әкесі және осылайша жоғарылап кете береді;

3. Өлген кісінің ер кісіден болған бауырлары (туған бауырлар, әкесі бір бауырлар, туған

бауырының ұлдары, әкесі бір бауырының ұлдары);

4. Өлген кісінің көкелері (яғни әкесінің ағалары). Оларға: өлген кісінің әкесінің туған бауырлары, әкесі бір бауырлары және әкесінің туған бауырларының ұлдары, әкесінің әкесі бір бауырларының ұлдары жатады (Басюни, 2013: 160-б.). Ендеше ислам мұрагерлік құқығында толық мұрагерлер құқығы жоғарыдағы төрт санаттағы реттілік бойынша жүзеге асады. Толық мұрагерлік құқығында қайтыс болған кісінің әкесі, марқұмның ұлынан кейінгі екінші санатта тұрады. Яғни марқұмның соңында ұлдары болмағанда ғана оның әкесі толық мұрагерлік (ғасаба) құқығына ие болады. Қарап отырсақ, жарғының жоғарыдағы «егер әкесінен бөлек тұратын ұлдың өлгенде баласы болмаса, оның мал-мүлкі әкесіне тиесілі» деген тармағы ислам мұрагерлік құқығымен дәлме-дәл сәйкес келіп тұр.

Сонымен қатар тағы бір айта кететін жайт, қазақ салт-дәстүрінде, әдет-ғұрып заңында әйел мәселесіне, жесір дауына арналған ережелер көп-ақ. Олар «құда болып құрмаласудан» бастап, «қалыңмал», «шымылдық байғазы», «беташар», «ақ баталы жесір», «ақ некелі әйел», «әмеңгерлік» сияқты қыз-әйелдердің өміріндегі орнын қамтиды. Осыларға байланысты дау-таласты шешу ретін баян етеді. Әйел нәсілінің теңсіздігі мен қоғам өміріндегі әйел орнын кемітетін ескі әдет-ғұрыптардың, заң ретінде жүрмесе де, әсері әлі де жоқ емес еді. Оған «Құдалық қырқынан шыққан ұл-қызға жүре бастайды» атты салт куә. Әйел, жесір туралы қағида-ережелер әдет-ғұрып заңында ерекше мол орын алған. Олар қысқаша тұжырымдар нақыл сөз өрнектерімен берілген. «Әйел құны – ердің жарты құны», әмеңгерлік – «ерден кетсе де – елден кетпейді», айыпқа «қыз бастаған тоғыз» беру, қызды бітім құралы ретінде ұстау, «қатын мал иесі емес», «қатын қайратты болса, қазан қайнатуға ғана жарайды», тағы осылар сияқты қағидалар күшін жоймаған.

Кез келген қоғамда әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлердің дұрысы мен бұрысы болғаны секілді, қазақ қоғамында да әйел нәсілінің теңсіздігіне және оның қоғам өміріндегі орнын кемітетін, оларды азаматтық және бостандық құқықтарынан айыратын бұрыс әдет-ғұрыптар да кездеседі. Оларға жоғарыда аталған «Құдалық қырқынан шыққан ұл-қызға жүре бастайды», «қатын мал иесі емес», «қатын қайратты болса, қазан қайнатуға ғана жарайды» деген сынды әдет-ғұрыптарды жатқызуға болады. Әрине

бұндай әдет-ғұрыптар бүкіл қазақ даласына заң ретінде жүрмесе де, ішінара ру мен белгілі аймақ арасында жүзеге асып отырған.

Сондықтан қазақ даласындағы әділ билердің жолын қуған соңғы би – Абай өзінің беделін, білімін, әдет-ғұрып заңдарына жетіктігін, би атағын қуғын, жәбір көрген, азды-көпті бас-бостандығын тілеген қыз-әйелдерге көмекке жұмсады. Абайдың туысқан-тумаларының жазып қалдырған естеліктерінде осы туралы бірталай деректер бар. «Әкем жесір әйелге, жетім балаға қатты қарайласатын», – дейді келіні Камалия. Оның айтуынша, бір күні Әліман деген жас әйел әкеме қарсы қарап отырып, көзінің жасын моншақтатып жіберді де, ауыр күрсініп: «Менің күйеуімнің (аты Шөте) өлгеніне бір жыл толып еді. Жасым 23-те, жалғыз еркек балам бар. Туысқандар мені бірімізге тиесің деп тыныштық бермей жатыр. Мен байға тимеймін, маған көз қырыңызды салыңыз, басымды талқыға түсірмеңіз. Ағажан, алдыңызға арыз айта келдім», – деп көз жасын тыймай жылады. Біраз әңгімелесіп, қал-жағдайын сұрасып болып, Абай осы жесір әйелдің ауылы – Топаи руының басты адамдарына хат жазып берді де: – «Енді ешкім тимейді, үйіңе қайт, баланды тәрбиелеп өсір, шаруаңа ие бол», – деп ақылын айтып шығарып салады».

Ақбордақ дейтін жесір жеңгесін (Мамай руынан, кедейдің қызы) қайнысы (Құнанбай ауылына жақын адам) әмеңгерлікпен зорлық істеп, қараңғы үйге қамап қойыпты. Әйел қамаудан қашып шығып, Абайға келді. Абай бұл әйелге де бас бостандығын алып береді (Зиманов, 2009: 300-301-б.).

Ислам шариғатында әдет-ғұрыпты дұрыс және бұрыс деп екіге бөліп қарастырады:

Дұрыс ғұрып – шариғат негіздеріне қайшы келмей, арамды адал, адалды арам қылмай, адамдар арасында әдетке айналған ғұрыпты айтамыз (Юсупов, 2010: 201-б.).

Бұрыс ғұрып – адамдар әдетке айналдырған, алайда шариғатқа қайшы келетін, шариғат бойынша үкімі харам деп белгіленген заттарды адал деп танушы, орындалуы қажет болған істерден қайтарушы істер. (Шоқанов, Рахимов, 2015: 124-б.).

Ислам шариғатында әдет-ғұрып басшылыққа алынуы үшін арнайы шарт қойған ғалымдар да бар. Әл-Қарафи былай дейді: «Азаматтар мен тұлғалардың арасындағы құқықтық, экономикалық және азаматтық хал актілерін бекітуде басшылыққа алынатын ғұрыптар жасырын емес, баршаға ашық түрде жүзеге асып

жатуы керек. Осындай ғұрыптармен аталған мәмілелер өлшеніп іске асырылып жатады (Хасан әл-Қаһтани, 2000: 95-б.).

Сонымен қатар салыстырмалы түрде арабтардың сөзіндегі әдет-ғұрып пен ислам құқығы арасындағы өзара сабақтастыққа да мысал келтірер болсақ, арабтарда бір кісі «маған Алланың үйіне бару міндет» деп айтатын болса, қияс (салыстырмалы дәлел) бойынша оған ешқандай міндет жүктелмейді. Өйткені шариғат бойынша Алланың үйіне қарай бару немесе жүру уәжіп емес. Алайда истихсан және ғұрып дәлелдері бойынша оның бұл сөзінен қажылық немесе ұмра уәжіп болады. Өйткені адамдардың әдет-ғұрыпында жоғарыда аталған сөз қажылық пен ұмраны міндеттеп алу мағынасында айтылатын болған. Сол секілді серттер (нәзірлер) мен анттарда ғұрып негізге алынады. Сондықтан жоғарыда келген сөзді астарлы мағынада қажылық немесе ұмраны міндеттеуді білдіретінін атап өттік. Сонда ол адам осы екі құлшылықтың бірін таңдауға құқылы болады (Хусамуддин әс-Сығнаки, 2001: 839-840-бб.).

Халқымыздың бойында ғасырлар бойы жинақталған қасиеттердің айнасы іспеттес болған наным-сенімдер мен әдет-ғұрыптар – бір бүтіннің бірін-бірі толықтырып тұратын екі жартысы секілді. Әдет-ғұрып – халықтың өмір салтына сай әрекет-амалы болса, наным-сенім – халықтың ойлау жүйесін құрайды. Бірақ, наным-сенім елдің тұрмыс-тіршілігін бір ретке келтіретін күш қуат ретінде әрдайым іс-әрекеттің алдында тұрады.

Халқымыз ислам дінін қабылдағаннан кейін ондағы адамның жаратылысына тән құндылықтар салт-дәстүріміз, әдет-ғұрыптарымыз бен наным-сенімдеріміздің негізіне айнала бастады. Бұл әдет-ғұрыптар мен сенімдердің негізгі қайнар көзі – Құран аяттарынан бастау алып жатса, олардың көбі исламның екінші негізі болып саналатын хадистер мен сүннеттерден туындады. Пайғамбарымыздың кезеңінен бастап бүгінгі күнімізге дейінгі мұсылмандар Алла елшісінің әрбір сүннетін қалт жібермей, іздестіріп, сұрастырып, оның әрекеттеріне қарай өздерінің іс-қимылдарын белгілеп отырады. Тіпті, қарапайым деп саналатын әдеттерде де оның (с.а.с.) әрекеттерін қайталаған. Мысалы, үйден шыққанда оң аяқпен шығу, малдас құрып отыру, жатқан кезде оң жағына қарап бір қырымен жату, тіпті әжетханаға кірерде сол аяқпен кіріп, оң аяқпен шығу секілді амалдардың бәрі сол пайғамбарымыздың сүннетінен туындап, үмбеттің өмірінде күнделікті әдептің бір ережесі

болып қалыптасып қалған. Ұрпақтан-ұрпаққа осы ережелер бұлжытпай беріліп, тіпті, осындай қарапайым әрекеттердің өзіне арнайы кітаптар жазылып, «Алла елшісі жаңа айды көрген кезде не істейтін еді?», «Алла елшісінің киімі», «Алла елшісінің сәлемдесуі» деген сияқты әрқайсысы бір-бір тақырып ретінде кейінгі ұрпаққа өзгеріссіз жеткен. Дүние жүзінде Аллаға құлшылығынан бастап, мінез-құлқы, адамгершілік қасиеттері, саясаты, әкімшілік басқару істері, тәлім-тәрбиесі, әлеуметтік жұмыстары, әскери шаралары секілді әмбебап іс-әрекеттері мен жеке басына қатысты қарапайым амалдарына дейін үлгі ретінде ұсынылып, ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, әрбір іс-әрекетіне дейін қайталанып келе жатқан Мұхаммед пайғамбардан (с.а.с.) басқа ешқандай жан жоқ.

Біздің қазіргі әдет-ғұрып деп ұстанып жүрген ата-баба мұраларының көпшілігін бабаларымыз сол кезеңдерде сүннетті ұстану ниетімен қалыптастырған (Әділбаева, 2011: 239-240-б.).

Әдіснамасы

Зерттеу жұмысын жүргізу барысында герменевтикалық, тарихи-салыстырмалы, индукция және дедукция әдістері қолданылды. Аталған әдістер кешені арқылы зерттеу жұмысы нақты әрі құнды нәтижеге қол жеткізді.

Қорытынды

Қазақтың «Жеті жарғы» заңындағы көптеген баптарды зерттеп, саралай келе, олардың ислам шариғатымен дәлме-дәл және жанама түрде сай келетін қырларының барлығын атап келтірдік. Бұл өз алдына бөлек іс саналады. Алайда осы бөлімді жазу барысында мынадай бірқатар мәселелер туындады. Олар: «Тәуке

ханның «Жеті жарғы» заңдар жинағын ғылыми-анализ жасау тұрғысынан «Қазақтың дербес құқықтық заңдары деп атаймыз ба?» әлде «Ислам шариғатымен синтезделген қазақтың ғұрып заңдары деп атаймыз ба?» әлде «Ол шариғат заңдарының дәл өзі деп атаймыз ба?» деген мәселелер болатын. Ендеше осылардың әрқайсысын талдап көрелік.

Біріншіден, егер де жарғы заңдарын толығымен қазақтың дербес құқықтық заңдары дейтін болсақ, зерттеу барысында куә болғанымыздай, жарғыда шариғат заңдарымен тікелей немесе жанама түрде сай келетін заңдар қамтылған. Сондықтан соларды көре отырып, жарғы заңдарын толығымен қазақтың дербес құқықтық заңдары деп атай алмаймыз.

Екіншіден, жарғы заңдарын шариғат заңдарының дәл өзі дейтін болсақ, зерттеу барысында жарғы заңдары мазмұнының жартысына жуығының негіздік және тармақтық тұрғыдан қарағанда да, ислам құқығымен сай келмейтін тұстарын кезіктірдік. Сондықтан жарғы заңдары ислам құқығы заңдарының дәл өзі деп айта алмаймыз. Егер жарғыдағы заңдарының барлығы дерлік тармақтық тұрғысын былай қойғанда, негіздік тұрғысынан алғанда ислам шариғатымен дәлме-дәл сәйкес келіп тұрса, сонда ғана біздерге «Шын мәнінде жарғы заңдары ислам шариғатының дәл өзі» деп айтуға мүмкіндік туар еді.

Үшіншіден, Тәуке ханның Жеті жарғысы – ислам шариғатымен синтезделген қазақтың әдет-ғұрып заңдары деген мәселеге келсек, бұл өз кезегінде негізді әрі ақылға қонымды тұжырым болмақ. Өйткені зерттеу жұмысы барысында жарғы заңдарының жартысына жуығының дәлме-дәл және жанама тұрғыдан да ислам құқығымен сәйкес келетіндігіне куә болдық.

Әдебиеттер

- Али ибн Әбу Бәкір ибн Абдулжәлил әл-Фарғани әл-Марғинани Әбу-л-Хасан Бурхануддин. Әл-Һидәя фи шарх бидәяти-л-мубтәди. – Бейрут: «Дәру ихия әт-турас әл-араби» баспасы, 2005. – 4-том. – 550 б.
- Ахмад ибн Мухаммад ибн Ахмад ибн Жағфар ибн Хамдан Әбу-л-Хусейн әл-Қудури. Мухтасар әл-Қудури фи фикһи-л-ханафи. – Бейрут: «Дәру-л-кутуб әл-илмия» баспасы, 1997. – 249 б.
- Ахмад Фәһми Әбу Суннә. әл-Урфу уа әл-Адәт фи рай әл-фуқаһә. – Мысыр: «әл-Өзһар» баспасы, 1947. – 205 б.
- Әбу-л-Баракат ән-Нәсәфи. Кәнзу-д-дақиқ. – Бейрут: «Дәру-л-бәшәир әл-исламия» баспасы, 2011. – 708 б.
- Әбу Зәкәрия Мұхиддин Яхия ибн Шараф ән-Нәуәуи. Әл-Минһәж шарх сахих Муслим ибн Хажжаж. – Бейрут: «Дәру ихия әт-турас әл-араби» баспасы, 1972. – 7-том. – 238 б.
- Әділбаев А. Ханафи мәзһабы. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2014. – 326 б.
- Әділбаева Ш. Хадис – ғұрпымыз, сүннет – салтымыз. – Алматы: Издательство «АСТ Полиграф ЖШС», 2011. – 280 б.
- Әкімханов А., Анарбаев Н. Құран Кәрім, Қазақша түсіндірмелі аударма. – Алматы: «Көкжиек» баспасы, 2015. – 624 б.

- Жуда Абдулғани Басюни. Әл-Мирас уә-л-уасияту-л-уәжибә фи-ш-шарифати-л-исләмия. – Каир: «әл-Әзһар» баспасы, 2013. – 350 б.
- Зиманов С.З., Қуандықов Б.Ж., Байжанова Қ.Ө., Хайдаров Б.Х., Дауталиев Қ.Н., құраст. Қазақтың ата заңдары. – Алматы: «Жеті жарғы» баспасы, 2005. – 4-том. – 552 б.
- Зиманов С. Казахский суд биев – общекультурологическая ценность. – Алматы: Изд-во «Арыс», 2009. – 408 с.
- Зиманов С.З., Қуандықов Б.Ж., Байжанова Қ.Ө., Дауталиев Қ.Н., құраст. Қазақтың ата заңдары. – Алматы: «Жеті жарғы» баспасы, 2004. – 2-том. – 672 б.
- Мухаммад Мустафа әз-Зухайли. әл-Уажиз фи усул әл-фиqh әл-исләми. – Дамаск: «Дәр әл-хайр» баспасы, 2006. – 248 б.
- Мухаммад ибн Иса ибн Саура ибн Муса ибн әд-Дахак әт-Термези. Сунән әт-Термези. – Мысыр: «Матбағат Мустафа әл-Бәби әл-Хәләби» баспасы, 1975. – 4-том.
- Мухаммад ибн Исмағил Әбу Абдулла әл-Бухари әл-Жуғфи. Сахих әл-Бухари. – Дамаск: «Дәру тауқу ән-нәжә» баспасы, 2001.
- Муслим ибн Хажжаж Әбу-л-Хасан әл-Қушәйри ән-Нисабури. Әл-Муснәду-с-сахих әл-мухтасар. – Бейрут: «Дәру иһия әт-турас әл-араби» баспасы, 2001.
- Мухаммад Садық Мухаммад Юсупов. Усулul фикх. – Ташкент: «Sharq» баспасы, 2010. – 574 б.
- Мухаммад ибн Хасан әл-Қахтани. Мәжмугат әл-фауайд әл-бәһия. – Сауд Арабия: «Дәру әс-самиг» баспасы, 2000. – 1-том. – 122 б.
- Шоқанов С., Рахимов А. Усул әл-фиqh. – Алматы: «Ықылас» баспа үйі, 2015. – 145 б.
- Хусамуддин әс-Сығнақи. әл-Кәфи шарх әл-Бәздәуи. – Рияд: «Мәктәбәт әр-Рушд» баспасы, 2001. – 1-том. – 531 б.

References

- Abu al-Barakat an-Nasafi. Kanz ad-Daqa'iq [Treasure matters]. Beirut: «Daru al-bashair al-islamiya» 2011, 708 p.
- Abu Zakaria Muhiddin Yahia ibn Sharaf an-Nauai. Al-Manhazh sharh Sahih Muslim ibn Hajjaj [The method to explain Sahih Muslim bin Hajjaj]. Beirut: «Daru ihya at-turas al-arabi» 1972, v 7, 238 p.
- Adilbaev A. Hanafi mazhabi [Hanafi doctrine]. Almaty: «Arys» 2014, 326 p.
- Adilbaeva SH. Hadis – gurpymyz, sunnet – saltymyz [Hadis – our custom made, sunnah – our tradition]. Almaty: «АСТ Poligraf ZHSHC» 2011, 280 p.
- Ahmad Fahmi Abu Sunna. Al-Urfu ua al-Adat fe rai al-fuqaha [Custom and habit in the opinion of Islamic jurists]. Mysyr: «al-Azhar» 1947, 205 p.
- Ahmad ibn Muhammad Abulhusein al-Quduri. Muhtasar al-quduri fi al-fiqhi al-hanafi [Manual Kuduri in the hanafi jurisprudence]. Beirut: «Daru al-kutub al-ilmya» 1997, 249 p.
- Ali ibn Abu Bakir al-Marginani Abulhasan Burhanuddin. Al-Hidaya fi sharh bidayati al-mubtadi [Hidaya in explaining Bidayat al-mubtady]. Beirut: «Daru ihya at-turas al-arabi» 2000, v 4, 550 p.
- Akimhanov A., Anarbaev N. Quran Karim, Qazaqsha tusidirmeli audarma [Holly Qoran, Kazakh explanatory traslation]. Almaty: «Kokzhyek» 2015, 624 p.
- Guda Abdulgani Basiuni. Al-Miras ua al-uasitu al-uazhiba fi sharigati al-islamiya [Inheritance and the commandment due in islamic law]. Kair: «Al-Azhar» 2013, 350 p.
- Husamuddin as-Sygnai. Al-Kafi sharh al-Bazdawi [Sufficient explanation Bazdayi]. Riad: «Maktabat ar-Rushd» 2001, v 1, 531 p.
- Muhammed Mustafa az-Zuhaily. Al-Uajiz fe usul al-fiqh al-islami [Brief in the origins of Islamic jurisprudence]. Damask: «Dar al-Hair» 2006, 248 p.
- Muhammad ibn Isa ibn Saura ibn Musa ibn ad-Dahak at-Termezi. Sunan at-Termezi [Termizi's sunan]. Mysyr: «Matbaat Mustafa al-Babi al-Halabi» 1975, v 4.
- Muhammad ibn Ismail Abu Abdulla al-Buhari al-Zuhfi. Sahih al-Buhari [Buhary's sahih]. Damask: «Daru tauqu an-nazha» 2001.
- Muslim ibn Hazhzhazh Abulhasan al-Qushairi an-Nisaburi. Al-Musnadu as-Sahih al-Muhtasar [Predicate of True Manual]. Beirut: «Daru ihya at-turas al-arabi» 2001.
- Muhammad Sadyq Muhammad Yusupov. Usulul fiqh [Origins of Islamic law]. Tashkent: «Sharq» 2010, 574 p.
- Muhammad ibn Hasan al-Qahtani. Majmugat al-fauaid al-bahia [Gorgeous set of rules]. Saud Arabia: «Dar as-Samig» 2000, v 1, 122 p.
- Shoqanov S., Rahimov A. Usul al-fiqh [[Origins of Islamic law]]. Almaty: «Yqylas» 2015, 145 p.
- Zimanov S. Kazahski sud biev – obshekulturologicheskaya cennost [Kazakh court of biys – general cultural value]. Almaty: «Arys» 2009, 408 p.
- Zimanov S.Z., Quandykov B.J., Baizhanova Q.O., Dautalyev K.N., compiled. Qazaqtyn ata zandary [Kazakh father's law]. Almaty: «Zhethi zhargy» 2004, v 2, 672 p.
- Zimanov S.Z., Quandykov B.J., Baizhanova Q.O., Haidarov B.H., Dautalyev K.N., compiled. Qazaqtyn ata zandary [Kazakh father's law]. Almaty: «Zhethi zhargy» 2005, v 4, 552 p.

Қадыралиева А.¹, Жолдубаева А.²

¹Южно-Казахстанский Государственный университет имени М. Ауэзова,
Казахстан, г. Шымкент, e-mail: K_altinai2604@mail.ru

²Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы,
e-mail: azar.08@mail.ru

ПРОБЛЕМЫ АККУЛЬТУРАЦИИ И КУЛЬТУРНОЙ ИНТЕГРАЦИИ МИГРАНТОВ В ОБЩЕСТВО И КУЛЬТУРУ

В данной статье рассматривается проблема культурной интеграции и аккультурации мигрантов, проживающих в настоящее время в Европе. По мнению авторов, успешная культурная интеграция мигрантов может оказать влияние не только на развитие социокультурных отношений, но и на улучшение экономического положения европейских стран.

Научный интерес к поднятой проблеме культурной интеграции и аккультурации мигрантов авторами прослеживается в научных трудах начала XX века (Р. Линтон, М. Херсковиц, Р. Редфилд, Дж. Берри, М. Гордон). Первоначально аккультурацию рассматривали как изменения исходных моделей культуры, происходящие вследствие длительного контакта представителей различных культур.

Активизация миграционных процессов и проблем культурной адаптации мигрантов в европейское общество вызвала волну нового интереса к данной тематике. Авторы статьи отмечают, что современные исследователи рассматривают аккультурацию не только в формате коллективного феномена, но и в рамках психологии отдельной личности, и используют для обозначения процесса и результата культурного взаимовлияния. Такое понимание культурного диалога позволяет прояснить неправильные представления о других культурах и заимствовать лучшие стороны.

Выполненный в ходе написания статьи SWOT-анализ мультикультурализма позволил оценить сильные и слабые стороны выделенного феномена, возможные риски и угрозы для стран, где данная идеология нашла свое применение на практике. Данные, полученные в результате SWOT-анализа, можно использовать как часть процесса планирования и развития мультикультурного общества.

Ключевые слова: культурная интеграция, аккультурация, мигранты, мультикультурализм.

Kadyralieva A.¹, Zholdubaeva A.²

¹M. Auezova South Kazakhstan State University,
Kazakhstan, Shymkent, e-mail: K_altinai2604@mail.ru

²al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, e-mail: azar.08@mail.ru

Problems of acculturation and cultural integration of migrants into society and culture

This article addresses the issue of cultural integration and acculturation of migrants currently living in Europe. According to the authors, the successful cultural integration of migrants can have an impact not only on the development of socio-cultural relations, but also on improving the economic situation of European countries.

The scientific interest in the raised problem of cultural integration and acculturation of migrants by the authors is traced in the scientific works of the early twentieth century (R. Linton, M. Herskowitz, R. Redfield, J. Berry, M. Gordon). Initially, acculturation was considered as changes in the initial models of culture, occurring as a result of prolonged contact of representatives of different cultures.

The intensification of migration processes and the problems of cultural adaptation of migrants into European society caused a wave of new interest in this topic. The authors of the article note that modern researchers consider acculturation not only in the form of a collective phenomenon, but also within the psychology of an individual personality, and are used to designate the process and result of cultural interaction. Such an understanding of cultural dialogue allows clarifying misconceptions about other cultures and borrowing the best sides.

The SWOT analysis of multiculturalism carried out in the course of writing the article made it possible to assess the strengths and weaknesses of the highlighted phenomenon, the possible risks and threats to countries where this ideology has found its application in practice. The data obtained from the SWOT analysis can be used as part of the planning and development process of a multicultural society.

Key words: cultural integration, acculturation, migrants, multiculturalism.

Қадыралиева А.¹, Жолдубаева А.²

¹М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті,
Қазақстан, Шымкент қ., e-mail: K_altnai2604@mail.ru

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ., e-mail: azar.08@mail.ru

Мигранттардың қоғам және мәдениет саласына интеграция мәселесі

Мақалада қазіргі күні Еуропада тұрып жатқан мигранттардың мәдени бірігуімен аккультурациясы мәселесі қарастырылған. Автордың пікірінше, мигранттардың жемісті мәдени бірігуі әлеуметтік-мәдени қатынастардың дамуына ғана емес, сондай-ақ еуропалық елдердің экономикалық жағдайын жақсартуға да ықпал етуі мүмкін.

Авторлардың көтеріліп отырған мигранттардың мәдени бірігуі мен аккультурациясы мәселесіне ғылыми қызығушылығы XX ғасырдағы ғылыми еңбектерде байқалады (Р. Линтон, М. Херсковиц, Р. Редфилд, Дж. Берри, М. Гордон). Бастапқыда аккультурацияны түрлі мәдениет өкілдерінің ұзақ мерзімді байланысы нәтижесінде жүретін мәдениеттердің бастапқы үлгілерінің өзгеруі ретінде қарастырады.

Мигранттардың еуропалық қоғамға мәдени бейімделуі мәселелері мен миграциялық үрдістерді белсендіру осы тақырыпқа жаңа қызығушылық толқынын тудырды. Мақала авторлары қазіргі күнгі зерттеушілер аккультурацияны ұжымдық феномен форматында ғана емес, сондай-ақ, жекелеген тұлғаның психологиясы шеңберінде қарастырады, әрі мәдени өзара ықпалдастық нәтижесі мен үрдісін белгілеу үшін пайдаланады. Мәдени диалогты бұлай түсіну өзге мәдениеттер жайлы теріс түсінікті анықтауға және жақсы жақтарын алуға мүмкіндік береді.

Мақаланы жазу барысында орындалған мультикультурализмге SWOT-талдау анықталған феноменнің күшті және әлсіз жақтарын, осы идеология тәжірибеде қолданысқа түскен елдер үшін мүмкін қауіптері мен қатерлерін бағалауға мүмкіндік берді. SWOT-талдау нәтижесінде алынған мәліметтерді мультимәдениетті қоғамды жоспарлау мен дамыту үрдісінің бөлігі ретінде пайдалануға болады.

Түйін сөздер: мәдени интеграция, аккультурация, мигранттар, мультикультурализм.

Введение

Проблема культурной интеграции и аккультурации мигрантов в европейское общество уже долгое время находится в центре общественного внимания. Более того, в рамках обсуждаемой темы все острее выходит проблема аккультурации и интеграции *уже проживающих* в обществе мигрантов. Причина происходящего кроется в том факте, что, по мнению многих современных исследователей, успешная культурная интеграция мигрантов может не только внести позитивный вклад в развитие социокультурных отношений, но и оказать существенное влияние на экономическое положение европейских стран (Volkova, 2006).

Научный интерес к проблемам интеграции мигрантов начинается в начале прошлого века. В 1936 г. был опубликован «Меморандум по изучению аккультурации», авторы которого – американские антропологи Р. Линтон, М. Херсковиц и Р. Редфилд, – сформулировали первое опреде-

ление аккультурации. Первоначально аккультурацию рассматривали как изменения исходных моделей культуры, происходящие вследствие длительного контакта представителей различных культур (Tishkov, 2002). Современные исследователи рассматривают аккультурацию не только в формате коллективного феномена, но и в рамках психологии отдельной личности, и используют для обозначения процесса и результата культурного взаимовлияния. В таком ключе рассмотрения, результатом аккультурации может быть принятие культурных ценностей и моделей поведения представителями культуры меньшинства у культуры большинства.

Активизация миграционных процессов и проблемы культурной адаптации мигрантов вызвала волну нового интереса к данной тематике. Современные исследователи культурной адаптации рассматривают ее не только с позиции культурологии, но и психологии, философии, социологии, экономики и медицины. В свете сказанного, *аккультурация как культурный фе-*

номен ставит перед человеком две задачи: сохранить свою культурную идентичность и успешно влиться в новую культурную среду. Аккультурация как процесс происходит на психологическом уровне человека, что выражается в изменениях и последствиях для индивида, постоянно проживающего в близком контакте с другой культурой.

Основная часть, обсуждение

Чаще всего в центре внимания проблем по аккультурации мигрантов стоят вопросы психологического, культурного и социального плана. Так, Джон Берри выделяет четыре варианта аккультурации мигрантов в культуру принимающей страны в виде ассимиляции, сепарации, маргинализации и культурной интеграции. Особое внимание исследователь уделяет интеграционной модели мигрантов, которая также оказывает существенное влияние на культурную политику государства.

Подобное соединение темы аккультурации и политического развития общества не случайно, поскольку яркое культурное разнообразие может оказать влияние на чувство общности и социальной солидарности, что является основой любого государства. Поэтому нередко государство в своей культурной политике по проблемам интеграции мигрантов отдает предпочтение ассимиляционным процессам.

Современные исследователи выделяют два типа ассимиляции: насильственную и добровольную. Отличительными признаками добровольной ассимиляции выступают ряд признаков:

- различные группы мигрантов добровольно приезжают в новую культурную среду, разделяют ее ценности и имеют одинаковый доступ к ее материальным благам;
- происходит процесс постепенного исчезновения исконных культурных и поведенческих моделей в пользу новых, приобретаемых;
- процесс приводит к полной и необратимой ассимиляции и закрепляется последующими поколениями (Berry, 1997).

Однако необходимо учесть тот факт, что полная ассимиляция мигрантов в конечном итоге зависит и от того, в какой степени эти группы смогут завоевать признание доминирующего населения.

Теория ассимиляции в научном рассмотрении долгое время подтверждалась результатами успешной ассимиляции европейских мигрантов, продолжающейся вплоть до середины 60-х годов

XX века. Так, примером успешной ассимиляции могут служить европейские мигранты, иммигрировавшие в США в 20-30-е г. прошлого столетия. Однако массовая миграция больших групп – неевропейцев, проявивших стойкое желание сохранить свою этническую и религиозную идентичность, приводит к пересмотру взглядов на полную ассимиляцию.

Здесь необходимо сделать небольшую оговорку: полная и безоговорочная ассимиляция возможна лишь в рамках одной расовой группы. Неевропейские мигранты в Европе при всем желании не могут стать европейцами и «снаружи и внутри». Ассимиляция, как добровольная, так и принудительная, подразумевает полное растворение в культуре большинства. Как правило, инициаторами и идеологами ассимиляции являются политические лидеры стран Запада. Иммигрантам внушается мысль, что только полная ассимиляция, т.е. потеря культурной самобытности, национальных норм и практик, позволит им построить новую успешную жизнь, аналогичную той, что демонстрируют представители культурного большинства. Этот миф служит двум целям:

- во-первых, это укрепляет миф о справедливости в несправедливом обществе для того, чтобы оправдать статус доминирующей культуры;
- во-вторых, он маскирует тот факт, что социальное положение и материальные ресурсы станут доступны лишь тем группам меньшинств, которые предпочли воспользоваться предоставленной судьбой «шансом».

Данный миф помогает властям упрекать мигрантов, которые испытывают трудности в культурной адаптации, в том, что они не пожелали использовать предоставленный шанс (Young, 1990). Разумеется, миф о равных возможностях не соответствует действительности. Культурная ассимиляция, как бы это странно не звучало, в некоторых случаях может привести к усилению «инаковости» в обществе, поскольку определенные группы неевропейских мигрантов не имеют возможности полной ассимиляции. Тем самым, теория односторонней ассимиляции фактически игнорирует разрушительное воздействие и исчезновение этнической и культурной самобытности (Kuropyatnik, 2000).

Американский исследователь Мильтон Гордон предложил концептуальную модель ассимиляции в американском обществе. Модель Гордона дает описание семи переменных типов ассимиляции, характерных для современных мигрантов (Gordon, 1987). Это:

1) культурное или поведенческая ассимиляция, выраженная в принятии культурных моделей поведения, характерных для представителей большинства населения страны;

2) структурная ассимиляция – выражается в форме участия в работе определенных учреждений, клубов, организаций. На данном этапе происходит процесс принятия некоторых культурных норм, мигранты могут проявлять интерес к работе местных организаций, болеть за местную футбольную/баскетбольную команду, быть членом спортивного клуба т.д.;

and sociology, concentrated on the argument concerning the historical and cultural information they represented. Arising from this perception of value and relevance to society, P.Boyarsky and A.Dyachkov founded the discipline of monument studies in Russia in the late 1980s. They went further than just the perception of monuments at a social level, approaching them as the tangible social wealth that was in crucial need of discovery and protection. The idea of monument studies emerged long before the science. The elemental and spontaneous perception of the social significance of monuments and the need to protect them developed out of practice. Researchers studying history with respect to objects as information bearers proved scientifically the mutual relation between historical processes and monuments. That is precisely why those researchers not only discovered monuments, but also raised the question of their protection. P.V.Boyarsky, the founder of monument studies, defines monuments of history and culture thus: *Monuments of history and culture are the total collection of tangible objects and monuments (remembrance sites) that make*

up relative concatenation and reflect all aspects of historical development of human society in the biosphere system (Boyarsky, 1986:127).

A.N.Dyachkov revealed all the significant features of monuments of history and culture. Insisting that ‘monument’ is a source of historical-cultural information, the author noted that this relates to a society’s approach towards the historical-cultural object: *Would it not be correct to search for a definition of the monument phenomenon in the historical-cultural value of an object that makes it a monument?*

Only the historical-cultural objects that are recognised by the society gain the status of a monument and *either they play the role of monuments or fulfil the functions of monuments*. Proceeding from this assumption, Dyachkov gives his own definition of a monument of history and culture: *A monument of history and culture is a function of the elements of the objective world of culture selected for its transfer of cultural and technological traditions of public interest and significance from the past into the future* (Dyachkov, 1987:43).




Figure 1 – Dichotomic classification of cultural heritage

This definition highlights the feature of monuments of history and culture that creates a relationship between the past and the future and hints at their informational, semiotic and communicative

aspects. These definitions, based purely on the principles of monument studies, clarify the social significance of monuments of history and culture. Monument studies is a discipline dedicated to

knowledge of monuments of history and culture. This discipline studies those monuments as a special kind of cultural-historical and natural heritage. The main criterion for bestowing the status of *monument of history and culture* is for the object to be of special value. This implies the need to consider the comparative correlation of *cultural heritage* and *monument of history and culture*. The interpretation and analysis of these phenomena are of objective significance in the development of conceptions of 'monument'. Researcher I.E.Martinenko also believes that it is vital to analyse 'monument' within the correlation of *cultural heritage* and *cultural values* (Martinenko, 2005c:13). These phenomena although they are from the same source and bear relative features, nevertheless are not identical in essence. It is absolutely crucial to research the relation between these phenomena. In his research in, *The Status of Monuments of History and Culture in Modern Russia*, B. Shukhobodsky proposes that

heritage, cultural value and *monument* have acquired their hierarchic status as a result of differential transformation (Shukhobodsky, 2012:12). He says that cultural heritage occupies the primary level in this hierarchic system. We support this thesis because *cultural heritage* is an aggregate of wider scope than *monument of history and culture*. It is important to keep in mind that cultural heritage itself (or cultural-historical heritage) derives from the general heritage. Heritage is broader in meaning and is the vast total of the culture acquired through inheritance and passed down the generations. *Heritage* is defined in the following manner in the *Dictionary of Key Terms of Museology: Heritage should be understood as all tangible and intangible objects and groups of objects that are known as historical memory and proof according to its value and which can be preserved and collected* (Key Terms of Museum Studies, 2010b).




Figure 2 – The structure of heritage

The charts reflecting the structural classification of cultural heritage allow us to imagine that cultural heritage is a phenomenon of colourfully diverse composition. This composition also indicates that cultural heritage has dichotomic qualities: tangible, movable and immovable and intangible. This, in turn, questions the scientific-methodological, even the practical essence, of the thesis of the majority of monumentologists (P.Boyarsky, A.Dyachkov, A.Kulemzin, A.Griffen) on the transformation of only tangible and immovable values into the status of *monument of history and culture*. If the basis for bestowing the status of a monument of history and culture is heritage (cultural-historical, natural), then it would be objective to include not only tangible and immovable values, but also intangible and movable heritage. Thus there is no scientific falsity in recognising any component of heritage (cultural,

natural) with rich potential as having the status of *monument of history and culture*. As *monument studies* selects historical and cultural monuments of all categories (tangible and intangible, movable and immovable) as objects of research, it might provide for its future development as a fundamental scientific discipline. The object's value potential rather than any dichotomous feature should be the main criteria for the status of historical and cultural monument. This argument is held unanimously in the theses of all researchers who study the status context of a monument. All researchers study the phenomenon in the context of historical and cultural importance. No object can be transformed into a *monument of history and culture* if its value has not been decided. In museum studies, in which the historical and cultural monument is the object of research, museality is accepted as an equivalent of an

object's value potential. The museality of an object is defined according to the object's value potential. Museality is a term that has recently entered modern museum terminology. Czech museologist Zbynek Stransky's concept of the development of a museum approach towards events has been greatly influential in propelling this term into scientific circulation. Stransky's concept was expressed in his research paper "The Nature of Museology", published in Brno in 1974. Criteria such as semantic, axiologiness and informativeness are of great significance in the origins of a museal approach to the environment. The Czech museologist sees the properties of tangible and intangible objects in an environment that can create "museum interest" in people as the first phase of the "museum approach". *Museum demand, museum interest, museum value* – all are primary elements of the museum approach. This author defined for the first time the morphology of museality, which now circulates in theoretical museology, based on such fundamental terms as *museum demand* and *museum value*. Zbynek Stransky based his considerations on an understanding of the value an object carries in selecting and documenting museum-significant events and processes (Stransky, 1981). Thus the research included the term *museum* into *museal space* context and prefers "a museum without walls" to "museum institute". This idea is the essence of the concept 'Imaginary Museum' formed by Andre Malraux, French Minister of Culture of France.

Malraux regards the imaginary museum as the last phase of the metamorphosis created by the 'real' museum (Kalugina, 1987:159). He stressed that technological capacity, for example photography,

is a great tool in creating this boundlessness. A photographic reflection of a piece of art inside or outside a museum, he said, or a film made by a great actor, or the recorded voice of a singer, are also examples of an "imaginary museum". Thus Andre Malraux too replaced the traditional (in our world it may even be called a stereotype!) opinion to keep museality within the borders of museums with a new post-modernist metamorphosis.

Conclusion

This concept and its idea of a "museum without walls" is of decisive significance in placing the *monument of history and culture*, the object of the present paper, as a museal phenomenon and in taking a broad perception of its scope. It means that any object (tangible or intangible) may logically and imminently be transformed into a *monument of history and culture* on condition that it possesses the value potential deemed necessary for this status. The fact that the value potential of the object is the essence of an approach to the "history of history and culture", the main object of research in both monument studies and museology, in evaluating status is thus proved. "Value potential" is the fact that an object simultaneously manifests several value criteria. Thus the analysis proves that a *monument of history and culture* is a specialised category. The main factor that accords such specialisation is the level of value potential possessed by the cultural heritage object of that status. This is the main argument of those who present a *monument of history and culture* as a legal status.

References

- Atheistic Dictionary, under the general editorship of M.P.Niokov. M, 1984
 Azerbaijan Soviet Encyclopaedia. In 10 volumes, volume 1. ASE Chief Editorial Board. Baku
 Boguslavsky M.M. Cultural Values in International Usage: legal aspects. M. publishing house "Юристъ", 2005.
 Boyarsky P.V. Perspectives for the Development of Monument Studies // Monument Studies: Theory, Methods and Procedure, Practice: collection of research papers / Scientific and Research Institute of Culture. M. 1986
 Brockhaus F.A., Efron A. Encyclopaedic Dictionary. M. 1992, V. 44
 Dahl V. Dictionary of the Living Great Russian Language. M. 1955, V. 3
 Dictionary of Museum Terminology <http://www.museum.ru/rme/dictionary.asp?117>
 Dictionary of Arabic and Persian words (as an aid to reading Azerbaijani classical literature). In 2 volumes. Vol. 2. "East-West". 2005
 Dyachkov A.N. Monuments in the System of the Objective World of Culture // Monument and Modernity: Questions of Reclaiming the Historical-Cultural Heritage: collection of research papers. M. 1987
 Explanatory Dictionary of Azerbaijani. In 4 volumes, volume 1. East-West, 2006
 Freud S. Psychological Etudes / S.Freud. Minsk, 1991
 Griffen L.A. The Theoretical Foundation of Monument Studies. / L.A. Griffen; Science editor Titova E.N. Monument Studies Center at the National Academy of Sciences of Ukraine and Ukrainian Society for the Preservation of Historical and Cultural Monuments. 2012
 International Council on Monuments and Sites. ICOMOS. Baku-2014

- Kalugina T. The Art Museum as Cultural Phenomenon, Saint Petersburg, 2008.
- Kepin Dmitro. The Museumification of Objects of Archaeological Heritage in Europe. Key Terms of Museum Studies. M. 2010
- Kulemzin A.M. The Preservation of Monuments in Russia as Cultural Phenomenon. Author's thesis to procure an academic degree of a doctor of philosophical sciences. Kemerovo, 2001.
- Klebanov L.R. Monuments of History and Culture: Legal Status and Protection: monograph / L.R. Klebanov: under scientific editorship of A.V. Naumov. M. Norma: INFRA-M, 2012
- Lebedova G.V. Remembrance and Oblivion as Cultural Phenomena. Dissertation to procure an academic degree of a doctor of philosophical sciences. Yekaterinburg, 2006.
- Martinenko I.E. Legal Status, Preservation and Reclamation of Historical and Cultural Heritage: monograph / I.E. Martinenko. Grodna, 2005
- Mironova T.G. Preservation of Historical and Cultural Heritage as an Imperative of Cultural Policy in Post-industrial Society: dissertation of doctor of culturology. M. 2000
- Moscow, 2011, p.1. <http://www.dissers.ru/avtoreferati-dissertatsii-kulturologiya/a19php> from Google cash
- Sergeyeva A.P. Civil-legal Protection of Cultural Values in the USSR. Leningrad State University, 1990
- Sergeyeva A.P. Legal problems of the Discovery and State Registry of Monuments of History and Culture // Bulletin of Leningrad University, Series 6, L. 1990. Issue 2
- Soviet Encyclopaedic Dictionary. M. 1990
- Stransky Z.Z. The Theory of Systems and Museology. Stockholm, 1981
- Shukhobodsky A.B. The Status of Historical and Cultural Monument in Modern Russia. Author's thesis to procure an academic degree of candidate of philosophical sciences. Specialty: 24.00.01 – theory and history of culture. Saint Petersburg, 2012
- Schmidt S.O. On the Evaluation Criteria for Historical Monuments. (//Questions of Scientific Atheism. Issue 20. Publishing House "Мысль", Moscow, 1976. P.88
- Svyatoslavsky A.V. Habitat as Environment of Memory: the addition to history of native memorial culture. Author's thesis to procure an academic degree of a doctor of cultural sciences. Moscow, 2011.
- Svyatoslavsky A.V. Habitat as Environment of Memory: addition to history of native memorial culture. Author's thesis to procure an academic degree of a doctor of cultural sciences.
- <http://art-con.ru/node/847>

Омарова Г.Н.

өнертану докторы, ҚР БЖҒ Министрлігінің гранттық жобасының ғылыми жетекшісі,
академиялық профессор, Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: ogulzada@mail.ru

**ҰЛТТЫҚ ҚАЗАҚ МУЗЫКАСЫНЫҢ
МӘДЕНИ КОНТЕКСТЕРІ**

Мақалада Қазақстан өзінің географиялық орналасу ерекшелігі бойынша Азия мен Еуропа (Шығыс пен Батыс) арасындағы орта аймақ ретінде сипатталуымен бірге бұл территория (Ұлы дала аймағы) табиғи-климаттық жағдайларына байланысты көшпелі мәдениет пен өркениеттің «бесігі» болғаны көрсетіледі. Бұл өркениеттің тарихы – адам мен табиғат арасындағы үйлесімді қарым-қатынаспен қатар өмір сүрудің тарихы. Мақалада көшпелілердің материалдық және рухани мәдениетінің кеңістіктік-хронологиялық сабақтастығы (С. Ақатаев), оның ішкі тұтастығы мен синкреттік бірлігі ашылады. Автордың пікірінше, музыкадағы синкретизм қазақтың фольклоры да, музыкалық-поэзиялық өнері де негізінде ежелгі наным-сенімдермен (тотемизм, шаманизм, әруақтарға табыну – тәңіршілдіктің құрамдас бөліктері ретінде) және магиялық ғұрыптармен байланысын анықтайды. Автор өз мақаласында белгілі ғалым Е. Тұрсыновтың еңбектеріне сүйене отырып, бақсы (шаман), ақын, жырау, сал, сері, күйші сияқты музыка мәдениетін таратушылардың қоғамның рухани өміріндегі маңызды рөлін және қызметін нақтылайды. Сондай-ақ, қазақ музыкатануында Ә. Мұхамбетова ашқан фольклор мен ауызекі кәсіби музыканың тәңіршілік мүшел күнтізбесімен байланысы қазақ музыкасының этномәдени негізін және оның жүйелі түрінде жіктелген құрылымын анықтауға мүмкіндік берді.

Түйін сөздер: көшпелілер мәдениеті, синкреттік, көне наным-сенімдер, магиялық ғұрып, бақсы, жырау, сал-сері, күйші, тәңіршілік мүшел күнтізбесі.

Omarova G.

Doctor of arts, scientific director of the grant project of the MES RK,
academic professor, T. Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: ogulzada@mail.ru

Cultural contexts of Kazakh traditional music

The article reveals the features of the geographical location of Kazakhstan as the middle territory between Asia and Europe (East and West). At the same time, due to climatic conditions, this territory (zone of the Great Steppe) was the «cradle» of nomadic culture and civilization, the whole history of which is represented as a history of coexistence and harmonious interrelationship between man and nature. The article notes the spatial and chronological continuity of the material and spiritual culture of nomads (S. Akataev), its internal integrity and syncretic unity. According to the author, syncretism in music is related to the fact that both folklore and the musical and poetic art of the Kazakhs are connected with ancient beliefs (totemism, shamanism, the cult of ancestors as components of Tengrism) and ritual and magical rituals. In the article, the author, based on the works of the famous scientist E. Tursynov, specifies the functioning and the most important role in the spiritual life of society of such carriers of musical culture as bacsy (shamans), akyns, zhyrau, sal, seri, kuishi. It is also stated that the connection of folklore and oral-professional music of Kazakhs with the Tengrian calendar (mushel), derived in the Kazakh musicology by A. Mukhambetova, made it possible to identify the ethnocultural basis of Kazakh music and its systemic classification structure.

Key words: nomadic culture, syncretism, ancient beliefs, magic ritual, shaman-bacsy, zhyrau, sal-seri, kuishi, Tengrian calendar.

Омарова Г.Н.

доктор искусствоведения, научный руководитель грантового проекта МОН РК,
академический профессор, Казахская национальная академия искусств им. Т.К. Жургенова,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: ogulzada@mail.ru

Культурные контексты казахской традиционной музыки

В статье раскрываются особенности географического расположения Казахстана как срединной территории между Азией и Европой (Востоком и Западом). Вместе с тем в силу природно-климатических условий эта территория (зона Великой степи) явилась «колыбелью» кочевой культуры и цивилизации, вся история которой представляется историей сосуществования и гармоничного взаимоотношения человека и природы. В статье отмечается пространственно-хронологическая преемственность материальной и духовной культуры кочевников (С. Акатаев), ее внутренняя целостность и синкретическое единство. По мнению автора, синкретизм в музыке связан с тем, что и фольклор, и музыкально-поэтическое искусство казахов своими истоками связаны с древними верованиями (тотемизм, шаманизм, культ предков как составные части тенгрианства) и ритуально-магической обрядностью. В статье автор, опираясь на труды известного ученого Е. Турсынова, конкретизирует функционирование и важнейшую роль в духовной жизни общества таких носителей музыкальной культуры, как баксы (шаманы), акыны, жырау, сал, сери, кюйши. Также констатируется, что выведенная в казахском музыкознании А. Мухамбетовой связь фольклора и устно-профессиональной музыки казахов с тенгрианским календарем мұшел позволила выявить этнокультурную основу казахской музыки и ее системную классификационную структуру.

Ключевые слова: культура кочевников, синкретизм, древние верования, магический ритуал, шаман-баксы, жырау, салы-сери, кюйши, тенгрианский календарь.

Кіріспе

Орталық Азияның дербес аумағы бола тұра, қазіргі Қазақстан жері Еуразияның ең ірі мәдени ареалдарын (Шығыс Еуропа, Таяу, Орта, Оңтүстік-шығыс Азия және Оңтүстік Сібір) қосып, оларды бір-бірімен байланыстырған орталық буын болғанын қазіргі география мен тарихи зерттеулер растайды. Сондықтан да өзінің географиялық жағдайы мен тарихи дамуының арқасында бұл аса қомақты аумақ ұзақ уақыт бойы «Шығыс пен Батыс арасындағы табиғи көпір болып, оның байырғы тұрғындары Еуразияның миграциялық жолдарының ең ортасында тұрды» (История Казахстана, 1983: 123).

Батыс пен Шығысты байланыстырып тұрған магистральді жол және бүкіл Орталық Азияда болып жатқан үлкен миграциялық процестер Қазақстан территориясына әртүрлі тарихи кезеңдерде көптеген діндердің (зороастризм, буддизм, христиандық, манихейлік, ислам) келіп орнығуына мол әсерін тигізді.

Алайда Қазақстанның біз көрсеткен тарихи-географиялық шекараластық жағдайы мұнда әртүрлі мәдениеттердің, атап айтқанда, батыс және шығыс мәдениеттерінің эклектикалық, яғни, жапсарлас қосындысын білдірмейді. Керісінше, ұлттың құрылу және даму жолындағы этногенетикалық және тарихи процестердің күрделілігі қазақ мәдениетінің өзгешелігін туғызды.

Қазақ мәдениеті Орталық Азия көшпелі мәдениетінің, ал ол, өз кезегінде, Азия (Шығыс) және Еуразия мәдениетінің бір бөлігін құрайды. Сонымен қатар, Қазақстанның бірқатар мәдениеттанушылардың айтуынша, көшпенділер мәдениеті өмір сүру салты, әлеуметтік-қоғамдық, дүниетанымдық және жалпы өркениеттік негіздері бойынша батыс мәдениеттеріне де, шығыс мәдениеттеріне де қарама-қайшы келеді. Бұл қарама-қайшылық ең алдымен *көшпелі өркениеттің* отырықшы-егіншілік өркениеттен айрықша ерекшелігінен көрінеді (Оразбаева, 2005). Қазақ жерінің дарқан даласы Еуразияның көптеген халықтар мен тайпалардың өміріндегі ең маңызды процестерінің «эпицентрі» ретінде «орталық» орын алуына қарамастан, көптеген зерттеушілердің бірауыздан шыққан пікірінше, біріншіден табиғи-климаттық жағдайға байланысты бұл жер – көшпелі мәдениеттің «бесігі», XX ғасырдың басына дейін сақталып келген *классикалық көшпенділі аймақ* болып табылған.

Дискуссия

Көшпелілердің өмір сүру салты және бүкіл тарихы адамның табиғатты өзгертуінің емес (батыс өркениетіндегідей), адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынас тарихы болып табылады, ал бұл дегеніміз – адам қоғамы мен мәдениеттің бірте-бірте, табиғи, яғни, эволюциялық даму шарты. Көптеген

зерттеушілердің пікірінше, аталған қарым-қатынас үйлесімді болған, яғни, адам қызметі өмірдің табиғи жағдайларына сәйкес келуін білдіреді: бұл жағдайлардың (климат, ландшафт, экология) өзгеруі көшпелілер тарихының әртүрлі кезеңдерінде адамның шаруашылық қызметін де өзгертіп отырған. Мәселен, тарихшылар мен археологтар Қазақстан аумағында, табиғи-географиялық жағдайларға байланысты әртүрлі тарихи кезеңдерде (түрлі аймақтарда ғана емес, бір аймақтың өзінде де) шаруашылықтың әртүрлі типтері мен формалары болғандығын анықтаған. Бұл кезеңдер өмір салтындағы сәйкес өзгерістермен сипатталады: көшпеліліктен жартылай көшпелілікке, отырықшылықтан жартылай отырықшылыққа көшу, тіпті дамыған ирригациялық жүйелер немесе қалалар салуға дейін.

Көшпелі қоғам табиғи шарттар мен белгілі бір кеңістік ландшафтының нақты жағдайына толық бейімделуі («Көшпелілер табиғат жаратқанын одан сыйлық ретінде қабылдаған» Б. Нұржанов) «қалдықсыз өндіріс» жүйесі дамыған бірегей мәдениетті туғызды, себебі бұл жерде адам қолымен жасалған әрбір зат белгілі бір қызмет атқарған: үй-тұрақ, еңбек құралдары, шаруашылық заттары және киім-кешек, қару-жарақ, т.б. Барынша бейімделу және табиғи болмыс жүйесіне «қалану» феномені қоршаған өмірді шын тану феноменін туғызды. Ол – ұрпақтан ұрпаққа тараған табиғат заңдары мен ондағы адамның өз орнын танып-білуден тұратын өмір тәжірибесінен көрініс тапты. Ешқашан да табиғатқа (демек, өз-өзіне де!) қарсы қолданылмаған осы эмпириялық білім жүйесі география, астрономия, биология, медицина, экология, экономика, философия, құқық, өнер т.б. салалардағы таным-білімдерден тұрған.

Көшпелі халықтар дамуының эволюциялылығы, мұнда ешқандай кенет, яғни революциялық, өзгерістердің болмауы тарих пен мәдениеттануда «консервациялану», «тоқырау» сөздерімен сипатталады. Көшпелі қоғамның тоталды консерватизмі бір формациядан екіншісіне бірте-бірте көшуімен түсіндіріледі, бұл жағдайда бұрынғы өмірдің кейбір сипаттары қазіргі өмірде ұзақ уақыт сақталып отырады, қоғамның бір қалыпы бірте-бірте келесі қалыпына, оның дамуы бөлінбей, бір-біріне өтетін сатыларды, циклдарды құрды. Ғалымдардың айтуынша, мысалы, ертедегі көшпелілердің жалпы өмір салты, атап айтқанда, олардың тұрақ-жайлары, азық-түлігі, әлеуметтік өмір формалары, құқықтық институттары т.б. жаңа заман көшпелілерінің өмір салтынан көп

ерекшеленбейді: «Жүйе өзінің генетикалық тұрғысында өзіне сай...» (Акатаев, 1998: 40). Қазақ даласындағы «ертедегі» көшпелілер (сақтар, массагеттер, ғұндар, үйсіндер) мен ортағасырлық «классикалық» (VI-XIV ғ.ғ. ежелгі түркі, түркі және моңғол тайпалары) және «кейінгі» (XV-XVIII ғ.ғ. Қазақ хандықтары) көшпелілерді қалыптасқан замандар – тарих белгілеген «оралымдары» бар ғарыштық уақыт-кеңістігінде қарқынды ашылып, содан кейін (XX ғасыр басына қарай) қысымға алынған спираль іспеттес.

Сондықтан да болар, көшпелі халықтар мәдениетіне ең алдымен «материалдық және рухани мәдениеттің кеңістік-хронологиялық сабақтастығымен» (С. Акатаев) шартталған ғажайып біртұтастық пен ішкі үйлесімділік тән. Және де, бұл «ежелгі адамдарды кейінгі ұрпақтармен жалғастырып отырған тарихи-мәдени сабақтастық көшпелі қоғамдардың әлеуметтік-экономикалық бірлігінің, олардың материалдық мәдениетінің жақындығының ғана емес, олардың ойлау салтының, әлеуметтік институттарының, идеологиясының, діни ұғым-танымдарының жақындығы нәтижесі болып табылады» (Акатаев, 1998: 41).

Әрине, мәдениеттің сабақтастығы мен бірлігі әртүрлі тарихи жағдайлар салдарынан бұзылып та отырды. Ол жағдайлар – көшпелі халықтарда жиі кездесетін (әрі олардың тарихын «жылжытатын күш» болып саналатын) соғыстар мен шапқыншылықтар. Көшпелі өмір салтында үйреншікті жағдай ретіндегі қозғалмалылық, жиі-жиі орын ауыстыру, шектеулі кеңістіктің болмауы және белгілі бір аумақта бекіп отырмау көшпелі адамдарды бір-бірімен және отырықшы елдермен қақтығыстарға, ал кейбір замандарда (орта ғасырларда) әскери тұрмыстың құрылуына апарып соққан. Алайда белгілі бір тайпалар, тайпалық немесе әскери одақтар деңгейінде болған бірліктің уақытша бұзылуы кейбір өзгерістер жасап, тарихты алға жылжитқанымен, көшпелі халық тұрмысын түбегейлі өзгертіп, оның мән-мағынасына әсерін тигізе алмаған. Сонымен, өзіміз көріп отырғандай, көшпелі өмір салты ерекше әлеуметтік-экономикалық формация ретінде ұзақ тарихи уақыт бойы өмір сүріп келді.

Көшпелі мәдениеттің біртұтастығын синкретизм деген ұғым көрсетеді. Яғни, бұл қоғамның материалдық-өндірістік және рухани өмірінің бәрін қамтушы және барлық жақтарының бірлігі. Табиғат, әлеуметтік өмір және шығармашылық заңдары адамның өз өмірі үшін маңызы зор

сұраныстарын қамтамасыз ететін тәжірибе (практика) арқылы ғана емес, өнер, әфсана (мифология) және салт-дәстүрлер арқылы да танылған. Көшпелі қоғам өмірінің барлық салаларының бір-бірімен тығыз байланысы, синкреттігі, сол қоғам мүшелерінің санасындағы синкреттік сияқты, шынайы өмірді – әфсанадан, материалдық дүниені – рухани құбылыстардан, практикалық-тұрмыстық нәрселерді – өмірден тыс құбылыстардан (өнерден), логикалық-рационалды құбылыстарды – сезімдік-эмоционалды құбылыстардан ажыратуға мүмкіндік бермейді... Сондықтан дәстүрлі мәдениетті зерттеу барысында қазіргі түсініктегі «экономика», «саясат», «философия», «дін» ұғымдарын бөліп қарастыру қиын. Мәселен, біз өнер бастауларын адамдардың өндірістік және тәжірибелік қызметімен тығыз байланысты дәстүрлі әдет-ғұрып, салт-жоралардан табамыз. Ал салт жоралары, дәстүрлі ғұрыптар әфсана теориясы мен практикасы, яғни, сакралды, киелі саламен де, қоғамдық құрылыс идеологиясымен (демек, философия, саясат) және халықты саналы түрде басқара отырып, оның материалдық және рухани бірлігін, амандық ахуалы мен жақсы жағдайын қамтамасыз етіп отыратын билікпен де байланысты.

Өнертануда әлі көшпелі қоғамның (атап айтқанда, қазақтың дәстүрлі мәдениетінің) өнер жүйесіне байланысты жұмыстар жоқ. Алайда, соңғы зерттеулер көрсетіп отырғандай, бұл қоғам мәдениетіндегі жүйелі байланыстардың бастауы оның бүкіл көзқарастарының негізін қалаған дәстүрлі нанымдық, магиялық-ғұрыптық тәжірибеде жатыр. Бұл қорытындыға қазақстандық ғалымдардың өнердің екі үлкен тармағын – декоративті-қолданбалы және ақындық, ақындық-жыраулық және музыкалық өнердің барлық түрлері мен жанрларын (фольклор, әдебиет және музыка салалары) зерттеулерінің нәтижелері мегзейді.

Көркем-орнаменталдық өнерді зерттеушілер қазақ өрнектерінің Еуразияның ежелгі көшпелі халықтардың (сактардың, ғұндардың, үйсіндердің, ежелгі түркі тайпаларының) өнерімен генетикалық байланыста тұратынын айтады. Мысалы, өрнектегі зооморфты желістер скиф-сак «хайуанаттар стилінің» элементтері мен стилизациясы болып табылады, ал ол стильдің ежелгі киелі белгілері мен бейнелері ритуалдарда (рәсімдерде, салттарда) символдық мағынаға ие болған. Бұны Қазақстан аумағындағы көптеген археологиялық ескерткіштерден, соның ішінде тасқа қашалған суреттерден де көруге

болады (Маргулан және басқалар, 1966; Медоев, 1978; Акишев, 1983). Одан кейінгі түр-түс символикалы «полихромды» стиль ортағасырлық кесенелердегі тамға салынған суреттерінен (яғни, фрескадан) де, декоративті-қолданбалы өнердің зергерлік және басқа да түрлерінен (металды көркем өңдеу, ағаш және сүйекке өрнек салу, былғарыға сурет салу) көрініс тапты. Қазақ өрнегінің үлгілері өте көптүрлі және әртүрлі замандар мен стильдердің сипаттарын сақтаған [Маргулан, 1986; Ибраева, 1994].

Декоративті-қолданбалы өнердің дамуына тірі жандардың суретін салуға тыйым салған ислам өз әсерін тигізді: бірте-бірте бейнелерді схемалық түрде салу көбейіп, сонымен бірге сол бейнелердің орнаменталды-символдық мағынасы күшейе түсті. Қазіргі космогониялық, зооморфтық, өсімдіктік және геометриялық үлгідегі орнаменталды өрнектердің барлығы дерлік өз заманында «оқулы» болып, олар қазақтың космогониясымен, дүниетанымымен, ежелгі наным-сенімдерімен және ғұрыптармен тығыз байланысты болғаны белгіленді.

Қазақтың фольклоры, ауыз әдебиет (поэзия) және музыка өнері де осы ежелгі наным-сенімдермен (тотемизм, бақсылық, аруақтарға сыйыну, Тәңірге табыну) және магиялық әдет-ғұрыптармен байланысты болған. Ал дәстүрлі мәдениеттің өкілдері – бақсылар мен жыраулар, жыршылар мен ақындар, сал-серілер мен күйшілер – қазақ ауыз әдебиеті пен музыка өнерінің кәсіби типтері. Олардың кәсіби салаға жататындығы өзгені былай қойғанда (мысалы, шеберліктерін), шығармашылық синкрезиспен, яғни музыкалық-поэзиялық үлгілерді өз жадынан шығарып орындаумен бірге оны аспаппен сүйемелдеумен айқындалады.

Осы өнерді алып жүрушілердің ең ежелгілері – бақсылар мен ақындар. Олардың пайда болуын және өнерлерінің дамуын Е. Тұрсынов ежелгі көшпелі қоғамдарда таптық қарым-қатынастардың пайда болуымен байланыстырады (Тұрсынов, 1976). Ол кезең табынушылық пен әдет-ғұрыптық жоралғыларды жүргізуші мамандардың қалыптасу заманы болды. Егер Қазақстан аумағында бақсылар қола дәуірінде пайда болып, б.д.д. І мыңжылдыққа қарай қытай жылнамаларында түркі-моңғол тайпалары шаманистер ретінде сипатталса, ақындар типі біздің дәуір басына қарай қалыптасты. Ал одан бұрын (әфсана дәуірінде) бақсылар мен ақындардың қызмет-әрекеттері адамдар әлемі мен табиғаттың тыс күштерінің әлемі арасындағы, тайпа ішіндегі әртүрлі рулардың әдет-ғұрыптары арасындағы

байланысты жүзеге асырған ежелгі ғұрыптық дәнекерлер қызметінен туындады. Соған сәйкес кейінірек, тәңіршілік және әруақтарға сыйыну дәуірінде бақсылар магия саласындағы мамандар ретінде қалыптасты: олар «бұл» (жердегі) және «о» (әруақтар) әлемі арасындағы дәнекер қызметін атқарды. Ал ақындар ертедегі мемлекет дәуірінде рулар арасындағы (экзогамды) ғұрыптар мен салттарды білетін және оларды атқаратын бірден-бір адамдар болды. Дәл осы қызмет арқасында олар кейінгі кезеңдерде де, тіпті біздің заманға дейін, ең маңызды (үйлену және жерлеу) салт-ғұрыптардың өткізілуін басқарып келген.

Бақсылардың музыкалық-ақындық өнерінің ежелден XX ғасырдың басына дейінгі бастауы бақсы ойнауында, ал ежелден қазірге дейінгі ақындық өнердің бастауы – ғұрыптық (музыкалық-поэзиялық) айтыстарда. Бұл жанрдың түп-тамыры ежелдегі бір-біріне ғұрыптық қарсылығы, бәсекелестігі бар қос (дуальдық) қоғамның қалыптасу заманында жатыр. Оның құлдырауынан кейін де әр ру өкілдерінің осы қалыптасқан бір-бірімен сөз тартыс-айтыс (ғұрыптық күрес) әдеті өмір сүріп қалды да, қазірге дейін дәстүрлі өнерде әлі бар.

Осы екі типтің ежелгі синкреттігі айқын көрініп тұр: бақсы – магиялық ғұрып атқарушы, емші, көріпкел, ақын әрі музыкант; ақын – салт-дәстүрлерді (соның ішінде рулық және отбасы-тұрмыстық салт-дәстүрлерді) атқарушы, айтысқа қатысушы (өз руының өкілі және қорғаушысы), импровизатор, яғни, суырып-салма ақын және әртүрлі жанрдағы әндерді орындаушы. Бақсылардың магиялық тәжірибесі әруақтардың қалауымен оларды «таңдаулы» етіп, оларға әртүрлі ілім-білімдерді, о дүниемен байланыс жасау қабілетін беруімен айқындалады. Қазақтардың алғашқы бақсысы Қорқыт – музыка өнерінің атасы және қобыз аспабын шығарған тұлға. Ақындардың ғұрыптық тәжірибесі магиядан ада, қайта әлеуметтік қызметке жақын деуге болады. Сонымен қатар қазақ халқы бүкіл руға табыс әкелетін ақынның айтыста жеңуі осы ру әруақтарының, ал одан бұрын (дуальды мифология кезеңінде) – тотемінің қолдауы деп түсінген (Турсинов, 1999: 147).

Эпосты шығарып айтушы жыраулардың қызметі де салт-ғұрыптармен байланысты болған: қазақтар мен басқа да түркі-моңғол халықтарында эпос рудың әйгілі батырларының рухын (оларды өзіне қарату, олардан қолдау, қайырым алу мақсатында) мадақтау магиялық ғұрып негізінде пайда болған. Бұл әскери ма-

гия ғұрыпы өз кезегінде аңшылық салттары мен дәнекер-абыздарының салт тәжірибесінен шыққан, ал жыраулар әруақтарға сыйыну және әскери демократия дәуіріндегі әрі қарай мамандану нәтижесінде пайда болған (Турсинов, 1999: 236-240]. Жырау қызметі де синкретті әрі көпфункционалды болып табылады. Бұл – діни-абыз қызмет (әскери-магиялық ғұрыптарды атқару) іс-әрекеті мен болашақты болжаушы көріпкел дарыны кейінгі әскербасы, әскери батыр, хан кеңесшісі, халықтың дана ұстазы мен ақылшысы сияқты мемлекеттік қызметтерімен астаса кеткен ежелгі жыр айтушы типі (Мағауин, 1970).

Жыраудың кейінгі (әскери-мемлекеттік) қызметі аясында нақты жыр айту келе-келе жыршыға ауысса керек. Ал жырау шығармашылығында басты орынды авторлық поэзиялық-музыкалық, яғни, эпикалық дәстүрдің кішігірім философиялық-дидактикалық жанрлар алады. Олар – толғау, терме, мақтау, өсиет, мысал, қисса, хикая т.б. Жыраудың ертедегі мемлекеттік дәуірінде туындап, классикалық және Қазақ хандықтары кезеңдерінде даму биігіне жеткен әскери-саяси билікпен байланысты қызметі әскери тұрмыстың, патриархалдық-рулық қатынастар мен көшпелі тұрмыстың бірте-бірте құлдырауымен (XVIII мен XIX ғасырлар тоғысындағы Қазақ мемлекеті Ресейге қосылуы тарихи жағдайы) бірге құлдырай бастады.

Сонымен қатар Е. Турсинов музыкалық-поэзиялық дәстүрдің сал, серілер типін де осы әскери-магиялық салты мен әскери батыр болған әруақтарды дәріптеу ғұрыпынан шыққан деп есептейді. Сал, серілердің арғы «тегі» – таптар және ру-тайпалық басшылар пайда болған заманда көшпелі аристократиядан шыққан ең қабілетті де әйгілі батырлардан құрылған құпия одақтарының мүшелері (Турсинов, 1999: 179). Әлемнің көптеген елдерінің тарихында орын алған құпия одақтар тек үстем тап өкілдері арасында өткізілетін бөлек салттармен ерекшеленетін. Салдардың ақсүйектігі және сонымен бірге олардың киім киісінің өзгешелігі, олардың ауыл-ауылды аралап қыдырып жүруі және өзін еркін ұстап, қалаған іс-әрекетін істеуі осы құпия одақтардың магия әрекеттерімен, аса бай және әртүрлі «маскарадтық» киімдерін киіп жасалған салттық қызметімен түсіндіріледі. Олардың ру-тайпа басшыларынан жоғары тұрып, «нағыз ақсүйектер» саналған мүшелері әскери қақтығыстар кезінде асқан батырлығымен, ал бейбіт кезеңде сауыққойлығымен ерекшеленген. Феодализмнің даму кезінде құпия одақтар

күлдірағанымен, қазақ даласында олар XIX ғасырдың аяғына дейін өмір сүрген ел кезуші, сауық құрған ақын-музыкант, яғни, сал-серілер қоғамдастығына айналды.

Сал, серілер белгілі бір әлеуметтік артықшылыққа ие болып, көбінесе өз уақытын халықты жиып ән салып, музыкалық аспаптарда ойнап, әртүрлі дене қимылдарын (пантомима), сиқыр, актерлік және цирк өнерін көрсетіп, жұртты өз өнеріне тәнті ететін той-сауық жасаумен өткізген. Осы тойлардың бастаушысы болған салдардың ішінде серілер аталған (мүмкін, «серік» сөзінен шыққан) өз нөкерлері (рыцарьлары) болған. Е. Тұрсыновтың пайымдауынша, салдар құпия одақтарының мүшелеріне жақын болса, шығармашылығында махаббат лирикасына көп орын бөлген серілер даланың мейірбан рыцарьлары ретінде (Тұрсынов, 1999: 192-193) ортағасырлық еуропалық миннезингер, трубадур мен труверлерді де еске салады. XIX ғасырда сал мен сері атаулары теңестіріліп, синонимдерге айналып, өмір салты мен шығармашылықты білдіретін «сал-серілік» деген тіркес пайда болады, ал сал-серілердің өздері әншілік-ақындық кәсіби өнердің жарық жұлдыздарына айналады.

Зерттеушілер қазақтардың аспапты музыкасын алып жүруші күйшілер шығармашылығының пайда болуын да ең ерте тарихи дәуірлерге жатқызады. Бұған қазірге дейін сақталған ежелгі аңыз күйлер дәлел. Олардың сюжеттері қазақ халқының әфсанасын (Қорқыт туралы күйлер), оның әлем туралы космогониялық және космологиялық ұғымдарын, ежелгі (тотемизм, шаманизм, әруақтарға сыйыну) наным-сенімдері көрсетеді (Омарова, 1989, Халтаева, 1991, Райымбергенова, 1993). Аспапта ойнау дәстүрінің нақты өкілдері, яғни, күйшілер өзге музыкалық-ақындық дәстүр өкілдеріне қарағанда кейінірек пайда болса керек. Мұны «күйші» терминінің құрылысы көрсетіп тұр: «күй» түбіріне «-ші» аффиксі қосылған. Бұл сөзжасам қазақтың дәстүрлі мәдениетіндегі кейінгі типтерінің атауларына тән, мысалы: жыршы, әнші, домбырашы, сыншы, жауырыншы. Ол дәстүрлі мәдениет саласындағы кейін қалыптасқан мамандандыруын (нақтылауын), біртұтас типтердің өз ара бөлінуін көрсетеді (музыкада бұл жекеленген орындаушы мамандары).

Сонымен бірге күй дегеніміз – синкреттік жанр, онда айтылатын аңыз бен музыка біртұтас құбылыс болып табылады. Бұл біртұтастық жалпы қазақ музыка болмысының синкреттік табиғатын көрсетеді: ол, жалпы рухани дүние

саласы сияқты, ежелгі заманда ғұрыптан, ал кейінгі кезеңде тұрмыс (мысалы, ас) және тұрмыстық қарым-қатынас (коммуникативтік акт) ажырамас құбылысқа айналды (Мухамбетова, 2002: 119-152).

Күйдің орындалу формасы айтылатын аңыз бен музыканың сәйкестігіне қарай әртүрлі болатын. Оның ең алғашқы түрі – музыкалық-иллюстративтік, аңыз бен күйдің кезектесіп орындалатын, яғни, музыка аңызды суреттеп отыратын түрі болса керек. Көне аңыз күйлерде музыкалық эпизодтар көбінесе дыбыс, дауыс келтіруші сипатта болды: олар арқылы күйші табиғаттың әртүрлі дыбыстарын, хайуанаттар мен құстардың дауысын, тұяқ дабырын, адамның жылағанын, айтқанын т.б. жеткізген. Бұл дәстүр аңшылық, бақсылық ғұрыптарында музыканың магия рөлінен (табиғат күштерін, әруақтарды шақырып, өзіне қарату, оларға жалбарыну әрекетінен) шыққан.

Бұған дейін айтылғандай, әнді аспаптағы музыкамен сүйемелдеу музыкалық-поэзиялық дәстүрдің барлық кәсіби өкілдерінің орындаушылығында орын алған құбылыс болған. Мысалы, бақсылар мен жыраулар екі қыл ішекті ысқылы аспап – қобызды пайдаланған, ал жыршылар, ақындар мен сал-серілер домбыраның сүйемелдеуімен айтқан. Сонымен, аспаптық музыка (күй) қазақ өнерінің дербес саласы ретінде жоғарыда айтылған ежелгі магиялық ғұрып практикасынан және музыкалық-поэзиялық жанрларды сүйемелдеу функциясынан туындаған. Олардың органикалық синтезі күйлердің семантикасы мен құрылымында айқын көрініп тұр, яғни, олар поэзиялық жанрлармен де (бақсы сарындары, эпикалық поэзия, ән), ежелгі проза жанрларымен де (әфсана, аңыз, аңыз-әңгіме, шындық әңгіме) байланысты. Сондықтан жанрлық көзі бойынша күй ішінде жалпы шаманизм және мифологиямен байланысты бақсылық, сонымен бірге ертегі-аңыздық, эпикалық, тарихи, лирикалық т.б. күйлер түрін ажыратуға болады.

Сонымен, біз қазақтың ауызекі кәсіби музыкалық дәстүрінің негізгі типтеріне қысқаша шолу жасадық. Бұлар жалпы ұлттық классикалық музыка өнер өкілдері: эпикалық салада – жыраулар мен жыршылар, әнші-ақындық салада – сал-серілер және музыкалық-аспаптық салада – күйшілер. Қазақ бақсыларының шығармашылығы жалпы классификация бойынша ғұрыптық фольклорға жатады. Алайда, біздің пікірімізше, ол шығармашылық ғұрыптық фольклор мен кәсіби дәстүр арасында жатыр, себебі,

қобыздың сүйемелдеуімен айтылатын бақсы сарындары арбаудың бір түрі ретінде өзінің ғұрыптық мінін (қызметін) атқара отырып, кәсіби поэзиялық-музыкалық шығармашылығына да тән.

Қазақ музыкасындағы нақты фольклорлық ән-өлең жанрларының қомақты бөлігі екі үлкен топқа бөлінеді: 1) ғұрыптық жанрлар – өмірлік цикл (үйлену және жерлеу әндері), магиялық-бақсылық (арбау, бәдік, күләпсан және бақсы сарындары), ораза әндері (жарапазан, сахар); 2) тұрмыстық жанрлар – балалар фольклоры (балалар өлеңдері мен балаларға арналған бесік жырлары), жастар фольклоры (ән-ойындар, қайым айтыс, қара өлеңдер мен оның түрлері) (Омарова, 2012).

Алайда бұл дәстүрлі музыканы кәсіби және фольклорлық шығармашылық түрлеріне бөлу мен оның жанрлық құрамын ажыратудың өзі сол жанрлар жүйесін айқындамайды. Қазақ музыкатануында қазақтың дәстүрлі музыкасының жүйелік ұйымдастырылуын Әсия Мұхамбетова ашқан (Мұхамбетова, 2002: 67-92). Ә. Мұхамбетованың ойынша, мәдениеттегі басты жүйе құрушы фактор – табиғи-космостық ырғаққа (ритмге) сәйкес келетін еңбек қызметінің ырғағы. Мәселен, отырықшы халықтар үшін бұл ырғақ жылдық циклдің негізі болып есептелген егіншілік күнтізбесінде көрініс тапқан. Жүйенің тағы бір көзі – отбасылық-ғұрыптық цикл. Оның мазмұны – адам өмірі (оның тууы, үйленуі, қайтыс болуы) және бұл барлық мәдениет типтерге ортақ өмірлік цикл негізін құрайды. Осы екі фактор – күнтізбе мен отбасылық-ғұрыптық цикл – ғалымдар мәдениет күнтізбесі деп атаған бірегей жүйені құрайды. Әдетте ол дәстүрлі мәдениеттер ішіндегі жанрлар жүйесін айқындайды.

Отырықшы халықтар күнтізбесінен қатты ерекшеленетін қазақтардың (және Орталық Азия көшпелі халықтарының) күнтізбесін зерттей келе, Ә. Мұхамбетова В. Цыбульскийдің «Әлем елдерінің күнтізбелері мен хронологиясы» (М., 1982) кітабынан мынадай үзінді келтіреді: «Аспан символдары 12 жылдық жануарлар циклімен берілетін Юпитер күнтізбесін жасау идеясын Шығыс Азия халықтары Юпитердің Күнді 12 жылға жуық уақытта толық айналып өтетінін анықтаған Орталық Азия халықтарынан қабылдаған. Юпитердің жолын 30 градустық 12 тең бөлікке бөліп және оның әрқайсысын белгілі бір хайуанат атымен атап, Азия халықтары күн-юпитерлік 12 жылдық күнтізбелік цикл жасаған» (Мұхамбетова, 2002: 67-92, 69).

Қазақ және Шығыс Азия күнтізбелеріндегі жыл атаулары сәйкес келеді, тек оның екеуі ғана – айдаһар мен маймыл – қазақ фаунасында да, күнтізбесінде де кездеспейді (олар туралы күнтізбедегі хайуанаттар туралы аңыз-әңгімесінде де айтылмайды). Айдаһар жылын қазақтар Ұлу жылы деп атайды, «бұл бүкіл түркі-моңғол тайпалары мен халықтарының тотемі болып табылатын бөрінің астыртын атауы (астарлап айту) болуы мүмкін» (Мұхамбетова, 2002: 11-52, 27). Маймыл жылы Мешін жылы деп аталады (моңғолша – «мечин»), бұл Үркер шоқжұлдызының екінші атауы. Көшпелілер (түркілер мен моңғолдар) осы шоқжұлдыздың орналасуы бойынша жыл айлары мен күндерін нақ анықтап отырған, ал бұл көшпелі халық үшін өте маңызды нәрсе (Мұхамбетова, 2002: 11-52, 28). Орталық Азияның қатаң континенталды климаты жағдайында ұзақ уақыт негізгі азық болған малды бағу мен ары-бері көшу жалпы астрономия саласындағы терең білімсіз мүмкін емес. Циклдық 12 жылдық жануарлар күнтізбесі әлемнің ежелгі күнтізбелерінің бірі ретінде (оған бірнеше мыңжылдық болды) мұсылман діні қабылданғаннан кейін де қазақ халқының өмірінде өзінің шаруашылық және жалпы өмірлік мәнін жоғалтпай, уақыт есептеудің негізгі жүйесі болып табылған. Осы күнтізбе бойынша адамдар жалпы уақыт пен оның бөліктерінің ағысын анықтап, әлемдік, шаруашылық және өмірлік циклдарды бірегей Уақытпен біріктіре отырып, табиғаттағы уақыт және адам өмірі туралы мәлімет алып отырған.

Қазақтардың 12 жылдық күнтізбелік циклмен тығыз байланысты өмірлік циклы адамның туылуынан бастап қайтыс болуына дейінгі бүкіл өмірін қамтиды. Бұл циклдың құрамындағы жылдар мүшел деп аталады (12 жылдық кезең): бірінші мүшел (1-12 жас) – балалық шақ, екінші мүшел (13-24 жас) – жастық шақ, үшінші және төртінші мүшелдер (25-36 және 37-48 жастар) – адамның кемел шағы, бесінші мүшел (49-60 жас) – кәрілік. Өтпелі кезеңдер мүшелі жас деп аталады, олар – адам өмірінің 13-ші, 25-ші, 37-ші, 49-шы, 61-ші және т.б. жылдары. Бұл жылдар адам өмірі үшін өте қауіпті болып есептелген, себебі өтпелі кезең әфсаналық ұғымда бір сапада өлу (қайту), ал екінші сапада туылу деп танылып, әртүрлі қорғаушы шаралар қолданылған. Адам туылу және қайтыс болғандағыдай бұл кезеңдерде де әртүрлі ғұрыптар жасалатын: инициация (13 жаста), өтіп кеткен жастық шақпен қоштасып, «жылау» ғұрыпы («25» әндері), 49 жастағы кәрілік кезеңіне өту (қорытынды жасау,

өткен өмірге баға беру). «Барлық мүшелдерін, яғни өмір сатыларын, шеңберлерін өткен адам үшін бұл О дүниеге жол, ал өмір циклын аяқтамаған адам үшін бұл – уақытша болып, Бұ дүниеге қайтып келу», – деп жазады Ә.Мұхамбетова (Мухамбетова, 2002: 67-92, 71).

Өмірді шектеулі мүшелдер циклы ретінде түсіну қоғамды жас кезеңдеріне қатаң бөліп, сәйкес топтастыруға (балалар, жастар, орта және аға ұрпақтары) негіз болды. Әрбір жас тобы әлеуметтік өмірдегі өз орнымен, өз өмір салтымен, мінез-құлқындағы этикалық нормалармен, өз құқықтары және бостандықтарымен сипатталады.

Балалық шақ (12 жасқа дейін) – шаттық, ойын уақыты, бірақ от басы ошақ қасында балаға алғашқы мінез-құлық дағдылары тәрбиеленіп, үлкендерді сыйлап, туған-туыстарына деген сүйіспеншілік сезімдері беріледі.

Жастық шақ (12-24 жас) – өз құрбы-құрдастарымен толық қарым-қатынас жасау уақыты, тек еркін ғана емес, әлеуметтік ресімделген ойын-сауық уақыты: құрбы-құрдастар арасындағы «еркін» қылықтар мен қалжыңдардың өз формасы мен шегі бар, олар қоғамда рұқсат етілген түрде болады. Жастар өз руының өміріне, әртүрлі салт-дәстүрлерге белсенді қатысады, олардың ішіндегі ең бастысы – үйлену ғұрыпы. Қыз бала үшін тұрмыс құру тек басқа жастағы топқа кіру ғана емес, басқа руға ену болып саналады. Өз руымен қоштаса отырып, қалыңдық өзінің жастық шағымен де қоштасады, ал бозбала үшін жастық шақпен қоштасу сәті 25-ке толғанда келетін.

Кемел шақ (24-48 жастар) екі мүшелді қамтиды, олардың арасындағы жыл да адам үшін қауіп төндіреді. Бұл адамның әлеуметтік белсенділігі шағы: кемеліне жеткен қарасақал – бүкіл халықтың қоғамдық өміріне толық араласатын және өмірдің барлық саласында еңбек ететін адам. Бұл жастағы әйелдің белсенділігі от басы ошақ қасымен шектеледі: өз жұбайының руында ол өз балаларымен бірге рудың жаңа мүшесі ретінде жаңа өмірін бастайды.

Кәрілік (48-60 және одан кейінгі жылдар) – адам өміріндегі ерекше кезең. Өз өмірінің бұрынғы және осы кезеңін жақсы сүріп келе жатқан ақсақал жан-жақты құрмет пен қамқорлыққа ие. Ол өзінің өмірлік тәжірибесі, даналығы және білімін пайдаланып жастарды тәрбиелеп, олардың кеңесшісі әрі ұстазы рөлін атқарады. Қарттардың бұл әлеуметтік рөлі, олардың дүние қуудан және өмірдің күйбеңінен аулақ мінез-құлқы, жастардың оларға деген ерекше ықыласы олардың әруақтар әлеміне

жақындығымен айкындалады: «Олар – Бұ дүниенің тұрғындары болғанымен, О дүниенің де тірі өкілдері» (Мухамбетова, 2002: 67-92, 76).

Жалпы, өмір циклы қоғамның әлеуметтік өмірін реттеп қана қоймай, оның рухани мәдениетінің құрылысын да анықтайды. Әр жастағы адамдар тобы сол мәдениеттің өзіне тиесілі бөлігін игереді, ал әрбір мүшелге магиялық-ғұрыптық және де оған жатпайтын (кәсіби өнер үлгілері) әрекеттер мен жанрлар сәйкес келеді. Мысалы, бала туылған кезде магиялық қорғау әрекеттері, шілдехана мен бесік той жасалып, содан соң баланы қырқынан шығару және тұсауын кесу рәсімдері жасалады. Бұл рәсімдер дұға оқылып, бата айтылып отырып жасалатын. Бірінші мүшел жанрларына бесік жырлары мен балалар фольклоры – ертегі-әндер, жұмбақтар, санамақтар, жаңылтпаштар т.б. – жатады.

